



Қазақстан Республикасы  
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты

# ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (2)

ISSN 1814-6961  
E-ISSN 2788-9718



- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (2)



ISSN: 1814-6961 (print)  
ISSN: 2788-9718 (online)

**Отан тарихы**  
**Отечественная история**  
**History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал  
2026. Т. 29 (2)

---



Published in the Kazakhstan  
Otan tarikhyy  
Has been issued as a journal since 1998  
ISSN: 1814-6961 (Print)  
ISSN: 2788-9718 (Online)  
2026. Vol. 29. Is. 2. Pp. 890–914  
Journal homepage:  
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP /MPHTI /IRSTI 03.20.

[https://doi.org/10.51943/2788-9718\\_2026\\_29\\_2\\_890-914](https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_2_890-914)

## ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ (ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ)

Конысбай Кыдырбаевич Рахбаев<sup>1</sup>, Гулбану Болатовна Избасарова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
(Ә. Молдағұлова даңғ, 34. 030000 Ақтөбе, Қазақстан Республикасы)  
PhD докторант.  
<https://orcid.org/0000-0002-3285-994X>. e-mail: [konysbai1980@mail.ru](mailto:konysbai1980@mail.ru)

<sup>2</sup>Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
(Ә. Молдағұлова даңғ, 34. 030000 Ақтөбе, Қазақстан Республикасы)  
Тарих ғылымдарының докторы, профессор.  
<https://orcid.org/0000-0002-4123-7501>. e-mail: [izbassarovagulbanu@gmail.com](mailto:izbassarovagulbanu@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б., 2026

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Мақалада Қазақстанның ортағасырлық кезеңінде салынған мешіт-медреселер зерттеудің негізгі нысаны болып отырып. Мешіттерге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары туралы ғылыми еңбектерге талдау жасалып, аталған кезеңдегі мешіттердің отандық тарих ғылымындағы зерттелу деңгейі талданды. Зерттеудің *мақсаты мен міндеттері.* Қазақстандық ғалымдардың ортағасырлық қалаларда жүргізген археологиялық қазба жұмыстары нәтижелеріне шолу жасап, қазып алынған мешіттердің көлемі, орналасу қалпы, аумағы турасындағы сипаттамаларға тоқталып, мешіт құрылысының ерекшеліктеріне назар аударылды. Қазақ халқының мешіт салудағы кейбір ерекшеліктерінің, аталған мешіттермен тікелей байланысы бар екенін және дәстүр сабақтастығының орнын көрсетіп дәлелдеу бұл мақаланың басты мақсаты-міндеттерін құрап отыр. *Материалдар мен әдістер.* Осы кезеңге дейін жарияланған отандық ғалымдардың еңбектерінде, соның ішінде монографиялар, мақалалар, ғылыми жинақтарда келтірілген материалдар көмегімен ортағасырлық қалалардың орналасу аймақтары, қазылып алынған мешіттердің сипаттамалары, табылған ғимараттардың ерекшеліктері туралы ақпараттарды деректерді саралау әдісі арқылы сарапталып, оларға берілген бағаларға аналитикалық әдістің көмегімен талдау жасалады. *Қорытынды.* Қазақстандық археология саласында ортағасырлық кезеңді зерттейтін мамандардың қазба жұмыстарының нәтижесінде жарық көрген әдебиеттер мен тарихнамалық деректерге талдау жасау арқылы мәселенің Отан тарихындағы зерттелу деңгейін анықтап, сараптама жасайды. Мақалада шолу жасалған мешіттердің бой көтеріліп салынуы, елімізде ислам дінін қанат жайып дамуының көрсеткіші болып табылады. Ерте ортағасырлық кезеңде мешіт салу дәстүрі қалыптасу дәуірін бастан өткізсе, орта ортағасыр кезеңінде қалалық жерлерде мешіт салу даму үрдісін көрсеткен. Кейінгі ортағасыр кезеңінде ғалымдардың зерттеулерінде, сақталған тарихи ескеркіштер мешіт-медресе салудағы үлкен бір серпілісті дамудың болғанын автор атап көрсетеді.

**Түйін сөздер:** Ортағасыр, қала, мешіт, медресе, ханака, археологиялық қазба, колонна, сәулет өнері.

**Дәйексөз үшін:** Рахбаев Қ.Қ., Избасарова Г.Б. Қазақтың мешіт салу дәстүрінің шыңырау көздері (ортағысырлық мешіттердің зерттелуіне шолу) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. №.1. С. ...-... [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_890-914

## ГЛУБОКИЕ ИСТОКИ КАЗАХСКОЙ ТРАДИЦИИ МЕЧЕТЕСТРОЕНИЯ (ОБЗОР ИССЛЕДОВАНИЙ СРЕДНЕВЕКОВЫХ МЕЧЕТЕЙ)

Коньсбай Кыдырбаевич Рахбаев<sup>1</sup>, Гулбану Болатовна Избасарова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,  
(пр-т А. Молдагулова, 34. 030000 г. Актобе, Республика Казахстан)  
Докторант PhD  
<https://orcid.org/0000-0002-3285-994X>. E-mail: konysbai1980@mail.ru.

<sup>2</sup> Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова  
(пр-т А. Молдагулова, 34. 030000 г. Актобе, Республика Казахстан)  
Доктор исторических наук, профессор.  
<https://orcid.org/0000-0002-4123-7501>. E-mail: [izbassarovagulbanu@gmail.com](mailto:izbassarovagulbanu@gmail.com)

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б., 2026

**Аннотация.** *Введение.* В статье автор анализирует научные работы по археологическим раскопкам, проводимым на территории мечетей, взяв в качестве объекта исследования мечети-медресе, построенные в средневековый период Казахстана, и акцентирует внимание на уровне изученности мечетей этого периода в отечественной исторической науке. *Цель и задачи исследования.* Рассмотреть результаты археологических раскопок, проведенных казахстанскими учеными в средневековых городах, уделив особое внимание особенностям размеров, планировки и площади раскопанных мечетей, а также обратить внимание на особенности строительства мечетей. Цель данной статьи – показать, что некоторые особенности строительства мечетей казахским народом напрямую связаны с этими мечетями, а также продемонстрировать место преемственности традиции. *Материалы и методы.* Используя материалы трудов отечественных ученых, опубликованных к этому периоду, в том числе монографий, статей и научных сборников, дается определение местонахождения средневековых городов, характеристика раскопанных мечетей, информация о характеристиках найденных зданий анализируется с помощью методов анализа данных, а присвоенные им рейтинги анализируются с помощью аналитических методов. *Заключение.* Автор анализирует и определяет уровень исследований по данному вопросу в истории Отечества путем анализа литературы и историографических данных, опубликованных в результате раскопок специалистов, изучающих средневековый период в области казахстанской археологии. Быстрое строительство мечетей, рассмотренное в статье, является показателем быстрого развития ислама в нашей стране. В то время как традиция строительства мечетей находилась в стадии становления в период раннего средневековья, в период среднего средневековья наметилась тенденция развития строительства мечетей в городских районах. Автор отмечает, что в период позднего средневековья исследования ученых, сохранивших исторические памятники, показали значительный прорыв в строительстве мечетей и медресе.

**Ключевые слова:** средние века, город, мечеть, медресе, ханака, археологический памятник, колонна, архитектура.

**Для цитирования:** Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б. Глубинные истоки традиции строительства мечетей у казахского народа (обзор изучения вопроса в археологической науке) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. №.1. С. 890-914. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_890-914

## THE DEEP SOURCES OF THE KAZAKH TRADITION OF MOSQUE-BUILDING (A REVIEW OF RESEARCH ON MEDIEVAL MOSQUES)

Konysbai Kydyrbaevich Rakhbaev<sup>1</sup>, Gulbanu Bolatovna Izbasarova<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Aktobe Regional University named after K. Zhubanov,  
(A. Moldagulova Ave., 34. 030000 Aktobe, Republic of Kazakhstan)  
PhD student  
<https://orcid.org/0000-0002-3285-994X>. E-mail: [konysbai1980@mail.ru](mailto:konysbai1980@mail.ru)

<sup>2</sup> Aktobe Regional University named after K. Zhubanov  
(A. Moldagulova Ave., 34, 030000 Aktobe, Republic of Kazakhstan)  
Doctor of Historical Sciences, Professor.  
<https://orcid.org/0000-0002-4123-7501>. E-mail: [izbassarovagulbanu@gmail.com](mailto:izbassarovagulbanu@gmail.com)

© Valikhanov IHE, 2026

© Rakhbaev K.K., Izbasarova G.B., 2026

**Abstract.** *Introduction.* In this article, the author analyzes scientific works on archaeological excavations conducted on the territory of mosques, taking as the object of study the mosque-madrassas built during the medieval period in Kazakhstan, and focuses on the level of study of mosques of this period in domestic historical science. *The purpose and objectives of the study.* To examine the results of archaeological excavations conducted by Kazakhstani scientists in medieval cities, paying particular attention to the size, layout, and area of excavated mosques, as well as to the specific features of mosque construction. The purpose of this article is to show that some features of the construction of mosques by the Kazakh people are directly related to these mosques, and also to demonstrate the place of continuity of tradition. *Materials and methods.* Using materials from the works of Kazakhstan scientists published during this period, including monographs, articles and scientific collections, the location of medieval cities is determined, and the excavated mosques are characterized, the information about the characteristics of the found buildings is analyzed using data mining methods, and the ratings assigned to them are analyzed using analytical methods. *Conclusion.* The author analyzes and determines the level of research on this issue in the history of the Fatherland by analyzing literature and historiographic data published as a result of excavations by specialists studying the medieval period in the field of Kazakhstani archeology. The rapid construction of mosques discussed in the article is an indicator of the rapid development of Islam in our country. While the tradition of building mosques was in its infancy during the early Middle Ages, the Middle Middle Ages saw a trend towards building mosques in urban areas. The author notes that during the late Middle Ages, research by scientists who preserved historical monuments revealed a significant breakthrough in the construction of mosques and madrassas.

**Key words:** Middle Ages, city, mosque, madrasah, khanaka, column, architecture, construction.

**For citation:** Rakhbaev K. K., Izbasarova G. B. The deep sources of the kazakh tradition of mosque-building (a review of research on medieval mosques) // Otan Tarihy. 2026. Vol.29. №.1. Pp. 890–914. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718\_2026\_29\_2\_890-914

**Кіріспе.** Қазақ халқының тарихында, оның ішінде мәдени дүниесін зерттеуде бөліп жарып қарай алмайтын, рухани дүниесімен де материалдық мәдениетімен де астасып байланыс жатқан ескерткіштері бар. Олар мәдени мұраларымыз есебінде құнды. Зерттеу тақырыбымызға арқау болып отырған осы XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басында бой көтерген мұсылмандардың намаз оқитын ғибадатханасы – мешіттер тарихы болып отыр. Отанымыздың әр өңірінде бой көтерген, кезінде талай жасөспірім білім нәрімен сусындаған, елгімізге белгілі ұландарды осындай білім ордаларынан түлеп ұшып, еліне қызмет еткен. Жылдар өгіп, заман өзгеріп ол мешіт ғимараттары өздерінің тікелей қызметтерін атқармаса да, тарих қойнауындағы миссияларын орындаған тарихи жәдігерлеріміз болып саналады. Олардың кейбірі құлап, қирап жойылып кетсе де барын мұқият зерттеп, жойылғанын іздеп, сақталғанын хаттап, қолдан келсе қайта жаңғырту жұмыстары елімізде жүріп жатыр. Осы тұрғыдан алғанда зерттелетін мәселе көп және ол көп қырлы бінеше ғылымдардың түйістіретен сала болып келеді. XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басында бой көтерілген мешіттерді зерттей

отыра, оған дейінгі мешіттер тағдыры қалай болды, олар сақталса қанадай үлгіде болған, оларды байланыстыратын бір дәстүр немесе сабақтастық болған ба деген сұрақтар жетелейтіні анық. Осы тұрғыдан алғанда көтеріліп отырған тақырыпқа археология саласында еңбек етіп жүрген ғалымдардың еңбектері бойынша ізденісті жалғастыру мақаланың өзектілігі болып отыр.

**Материалдар мен әдістер.** XX ғасырдың басында «кенестік орта азияны» зерттеушілерінің еңбектерінде Қазақстандағы ортағасырлық қала жұрттары, оларға қатысты деректерді жинаумен ерекшеленген еңбектер жарық көреді. Солардың бірі 1923 жылы жарық көрген П.П. Ивановтың «Сайрам. Историко-археологиясеский очерк» атты еңбегінде Сайрам қаласында сақталған ескі «Ідіріс пайғамбар» мешітінің коллонасы туралы, өзі көрген мешіттің бір бөлшегіне сипаттама жасайды [Иванов, 1923: 55]. Орта Азияның мәдениеті мен тарихын зерттеген, айтулы ғалым М. Массонның 1928 жылы жарық көрген «Старый Сайрам» атты еңбегінің де ортағасырлық Сайрам қаласының тарихын зерттеуге назар аударады. Ғалым Сайрам қаласындағы «Ідіріс пайғамбардың» мешітінің коллонасындағы арап графикалы жазуды оқып, соның негізінде оның хронологиялық уақытын айқындаған зерттеуші [Массон, 1928: 30–31]. Ортағасырлық қалалық мәдениеттердің орнын зерттеуде 1941 жылы жарық көрген А.Н. Бернштамның «Памятники старины Таласской долины. Историко-археологический очерк» атты еңбегінде тақырып бойынша пайдаланылған материалдардың негізін құрайды. Талас өзенінің бойындағы Ақ тепе, Бес ағаш мешіттерінің төбе жабындарына тіреу болған коллоналарға шолу жасаған «О каменных колоннах из Таласской долины» атты еңбекте ғалым Г.А. Пугаченкова мешіт салу дәстүрлеріндегі ұқсастықты баса көрсетіп, олардағы байланысты іздеген [Пугаченкова, 1948: 120]. Қазақ археология ғылымының негізін салушы академик Ә.Х. Марғұланның «Из истории городов и строительного искусства Казахстан» атты еңбегі ортағасырлық қалаларды зерттеудің старегиялық маңыздылығы көрсетілген монография болып табылады [Марғұлан, 1950: 53]. Отандық археолог мамандар К.А. Акишев, К.М. Байпаков, Л.Б. Ермаковичтердің «Позднесредневековый Отрар», «Отрар в XIII–XV веках» және К.М. Байпаковтың «Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья», «По следам древних городов Казахстана (Отрарский оазис)» сол секілді К. Байпаков, А. Нұржановтардың «Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан» атты зерттеулері көтеріліп отырған тақырыпты тереңірек зерделеуге жетелейтін материалдар қатарынан болады. Мақаламыздың материалдар қорына негіз болған келесі толқын ол – тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жүргізілген археолог ғалымдардың ізденіс жұмыстары құрайды. «Мәдени мұра» бағдарламасы негізінде зерттеу жүргізген К.М. Байпаков, С.Ш. Ақылбек, Д.А. Воякиндердің «Археологические исследования на городище Каялык в 2005 году» атты есептер жинағы, К.М. Байпаков, Е.А. Смагулов, А.А. Ержигитова, А.А. Туякбаева, Д. Толеев, А. Бейсебаев, Б. Железняковтардың «Исследования городища средневекового Саурана» атты еңбектері тақырып бойынша жаңа аспектілердің зерттелгенін көрсететін материалдар болып табылады [Байпаков и др., 2005а; Байпаков и др., 2005с]. Мақала жазу барысында пайдаланылған материалдар негізі ретінде «Қазақстан Республикасының тарих және мәдени ескерткіштер жиынтығы (Жамбыл облысы)» атты жинақты көрсетуімізге болады [Тарих және мәдени ескерткіштер, 2002: 307–311].

Зерттеудің әдістемелеріне тарихилық, объективтік, жүйелілік қисын және пәнаралық байланыс принциптері негіз қылып алып отырымыз. Ғылыми айналымдағы ақпараттарды, деректерді саралау әдісі арқылы сарапталып, оларға берілген бағаларға аналитикалық әдістің көмегімен талдау жасалады. Ғылыми еңбекте қазақ тіліндегі «тұрғызу», «салу» секілді сөздердің, қандайда болсын, жалпы құрылысқа қатысты қолданылатынын назарда ұстап, біздер айтар ойды, мәтіннің мазмұн-мағынасын жеткізу мақсатында «мешіт тұрғызу», «мешіт салу» сөз тіркестерін бірге қолдандық [Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-т., 1985: 284; Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-т., 1986: 136]. Осындай ұстанымда «мешіт салу ісі», «мешіт салу өнері» деген сөз тіркестерін де мәтінде бірге пайдаланып отырмыз. Қарастырылып отырған еңбекте ортағасырлық қалалардан қазылып алынған мешіттердің уақыттық межесін ескере отырып, мақалада мешіттерді үш кезеңге бөліп қарастырдық. Олар:

- Ерте орта ғасыр дәуіріндегі мешіт тұрғызу өнерінің қалыптасуы;
- Ортағасыр дәуіріндегі мешіт салу өнерінің дамуы;
- Кейінгі ортағасыр дәуіріндегі мешіт салу өнерінің дәстүрлері.

**Талқылау.** Осы мақалада Қазақстанда XX ғ. басында жарық көрген археологиялық барлау, зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сілтеме жасалады. Кеңестік археология ғылымында Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы қалаларда салынған, мұсылмандардың алғашқы сыйынатын

үйлері турасында К.М. Байпаковтың «По следам древних городов Казахстана (Отрарский оазис)» және К. Байпаков, А. Нұржановтардың «Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан» атты археологиялық зерттеулерінде алғаш жазылды [Байпаков, 1990: 202; Байпаков, Нұржанов, 1992: 41]. Оңтүстік Қазақстан аумағынан «Кедер» деп саналатын Құйрықтөбе қаласының жұртынан ең ертедегі мешіттің (жұмалық мешіт, салыну уақыты Х ғ.) орны қазылғандығы турасында К.М. Байпаковтың «Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья» атты монографиясында атап көрсетілді [Байпаков, 1986: 139]. Жамбыл облысының аумағында жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде Өрнек қаласының жұртынан жоғарыда айтылған Құйрықтөбе қаласында аршылған мешітке ұқсас, тағы бір мешіт табылғандығы жайында «Қазақстан Республикасының тарих және мәдени ескерткіштер жиынтығы (Жамбыл облысы)» атты еңбекте толық жазылған [Тарих және мәдени ескерткіштер, 2002: 307–311]. Кезінде Қарлұқ жабғулығының астанасы болған Іле өзенінің бойында орын тепкен Қоялық қаласын (городище Антоновка) қазу барысында қаланың орталығынан (шахристан) XII–XIII ғғ. жататын мешіттің орны табылып, ол жерде қазба жұмыстары жүргізілгендігін К.А. Акишев, К.М. Байпаковтардың «Вопросы археологии Казахстана» атты монографиясында толық жазылған [Акишев, Байпаков, 1979: 132]. Соңғы уақыттардағы осы мешітке жүргізілген зереттеулер нәтижесі К.М. Байпаков, Д.А. Воякин, Б.А. Железняковтардың «Раскопки на городище Киялык» және К.М. Байпаков, С.Ш. Ақылбек, Д.А. Воякиндердің «Археологические исследования на городище Каялык в 2005 году» атты еңбектерінде жарық көрді [Байпаков и др., 2005а: 187–188]. Қазақстанда орта ғасырда салынған әрі осы уақытқа дейін жеткен, кезінде Әмір Темір салдыртқан тарихи ескерткіш – Түркістан қаласындағы Қ.А. Яссауи кешені. Аталған тарихи сәулет кешенінің тарихы турасында отандық сәулет өнері тарихын зерттеушілер Б. Туякбаева, А. Проскуриндердің «Мировоззренческие основы функционально-планировочной структуры ханаки А. Ясави», «Декоративное убранство ханаки Ахмеда Ясави», «Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави» атты еңбектерін және мәселенің археологиялық аспектісін ашып жазған зерттеушілер Е. Смагулов, Ф. Григорьев, А. Итеновтердің «Очерки по Истории и Археологии средневекового Туркестана» атты еңбектерін пайдаландық [Туякбаева, Проскурин, 1989: 106–116; Туякбаева, Проскурин, 1986: 36–40; Туякбаева, 1989: 138–144; Смагулов и др., 1999: 232]. Ескі Отырар қаласында археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған, кейінгі ортағасырларда салынған мешіттің тарихы К.А. Акишев, К.М. Байпаков, Л.Б. Ерзаковичтердің «Квартальная мечеть», «Соборная мечеть» атты еңбектерінде көрініс тапты [Акишев и др., 1981: 107–108; Акишев и др., 1987: 103–109]. Сол секілді Отырар аумағына жататын Байылдыр ауылында орналасқан мешіттің тарихы археолог С.Ж. Жолдасбаевтың «Мечеть XIV–XV вв. в окрестностях Отрара (пос. Байылдыр)» атты еңбегінде кең қамтылды [Жолдасбаев, 1980: 122–179]. Соңғы уақыттағы еліміздегі археологиялық ізденістер нәтижесі Сауран қала жұртын қазу кезінде регистанның орталық ауданынан табылған үлкен аумақты ескерткіштің күмбезді-порталды, діңгекті-аркілі және аулалы-айванды мешіт түріне жататыны айқындалды. Осы мешітке қатысты бір топ археологтар К.М. Байпаков, Е.А. Смагулов, А.А. Ержигитова, А.А. Туякбаева, Д. Толеев, А. Бейсебаев, Б. Железняковтардың «Исследования городища средневекового Саурана» атты еңбектері жарық көрді. Ғалымдардың көрсетуінше, мешіттің сәулеткерлік ерекшелігі одан табылған заттардың салыстырмалы мерзімделуі және басқа да белгілері бойынша XIV–XV ғғ. салынған, – деп болжап отыр [Байпаков и др., 2005с: 304–308; Байпаков, 2007: 185–305]. Сығанақ қаласындағы XIV–XIX ғғ. жататын «Сунақ Ата» мешітін бір топ ғалымдар С. Жолдасбайұлы, Б. Нұрханов, Ж. Әбсадық, Ж. Өтеген зерттеп «Сунақ Ата мешіті (XIV–XIX ғғ.)» атты еңбекте ескерткішке қатысты өз пікірлерін білдірді [Жолдасбайұлы және басқалар, 2006]. Сығанақ қаласына байланысты Б.С. Сиздинов, К.М. Жетібаев, Г. Музаффер, С.С. Мургабаевтардың «XVIII–XIX ғасырлардағы тұрғын үй құрылымы» (ортағасырлық Сығанақ қаласы негізінде) атты жариялымдарында атап өтуге болады [Сиздинов и др., 2022: 217–228]. Сол секілді, К.М. Байпаковтың «Великий Шелковый путь (на территории Казахстана)», Ә. Дербісәлінің «Қазақстанның мешіттері мен медреселері» атты еңбектері, тақырыпқа қатысты еліміздегі дамыған қала мәдениеті мен мұсылмандық мәдениетінің жаһандық өркениеттің бір бөлігі ретінде қарап, жүйелі анализ жасауы мәселеге жаңаша көзқараспен жазылған дүниелер ретінде қосылады [Дербісәлі, 2009: 65].

Кенестік кезеңде археология саласында мешіттерге арнайы назар аударылмаса да, ғалымдар қала мәдениеті, Жібек жолы бойындағы қалаларды зерттеу тақырыптары аясында мешіт орындарына қазба жұмыстарын жүргізген. Тәуелсіздік алған шақтан бергі археологиялық қазба жұмыстарында

ғалымдар тарапынан мешіттерге көзқарас «мәдени мұрамыздың» көзі, өркениеттің ізі тұрғысынан қарау болып өзгеріп, ол ұстанымдарды жұмысарына қатысты еңбектерінен көре аламыз.

**Нәтижелер.** VIII ғасырдан бастап оңтүстік Қазақстан аймағына ислам дінінің таралуы белсенді жүрді. Ислам дінінің қарқынды таралуына, одан әрі дамуына көптеген факторлар әсер етті. Бір ерекшелігі, жаңа дін алдымен қалалық ортада дамыды [Бернштам, 1941: 48–49]. Оның белгілі себептері бар. Қалаларда діни орталықтар шоғырланып, мұсылман мәдениетіне тән: қарым-қатынас, сауда, оқу жүйелерінде қолданылатын әдеттер кеңінен тарады. Сондықтан мұсылмандар тұратын қалалардың аудандарында қалалық инфроқұрылым жүйесі де (қауымдық жер өңдеу, базар, мектеп-медресе, су ағар каналдар, құдық, қоғамдық монша т.б.) ислам қағидаларына негізделіп бой көтере бастады.

Сәйкесінше бұл процестер қаланың архитектурасына да әсер етті, зәулім үйлер, биік сарайлар, мешіт-медреселер, мавзолейлер де мұсылман ілімінің қағидаларына негізделіп, құрылыс жұмыстары да қарқынды жүрді. Бұл құрылыстар белгілі бір дәрежеде қала сұлбасын өзгертіп, оған өзгеше рең берді. Тақырыбымызға арқау болып отырған ерте ортағасырдағы Қазақстан мешіттері де осындай ортада – қалаларда бой көтерген.

Олар қалалардың халық өмірінде алар орны зор еді. Мәдениеттің, өркениеттің түйіскен, тоғыз жолдың торабында орын теуіп, мәдениетпен өнердің тоғысқан орталығы болды. Тіршілікте алыс-беріс, қым-қуыт қызу сауда-саттықтың басым түскен, ал мәдени өмірде қоғамдық ойлардың, пікірлердің, неше түрлі тілдер мен діндердің, мәдени дәстүрлердің қауышып, жаңалықтың тарайтын орталығы болды. Бұдан басқа, саясатта ықпал ету аймағы, астаналар қызметін атқарған да осы қалалар еді.

Ерте орта ғасыр дәуіріндегі мешіт тұрғызу өнерінің қалыптасуы. Еліміздің оңтүстігіндегі (Сырдария өзенінің бойы) ортағасырлық Сығанақ, Сауран, Ясы (Түркістан), Отырар, Сайрам, Арық, Иангикент, Қарасман, Созақ қалаларының ортағасырда ғұмыр кешкен қағандықтардың экономикалық, әскери-саяси, мәдени (діни) өміріндегі орны жоғары болғаны белгілі [Пищулина, 1969: 4–49]. Бұл қалалар мәдени (діни), экономикалық орталық маңызын жаңа кезеңге дейін жоғалтпады.

Қазақстандық археология ғылымының көп жылдар бойы жүргізген қазба жұмыстарының нәтижесінде еліміздің көптеген ескі қалалары мен қалашықтарының орны нақтыланып, зерттелді. Міне, осындай еліміздің ескі қалаларында қоғамдағы орны мен сәулеттік келбеті жарасқан, мұсылмандардың жиналып намаз оқитын, пікір алмасатын, білім алатын орыны – мешіт үйін салу ісі дамыды, археологиялық қазба жұмыстары барысында, мешіттердің орны қазылып табылуы – соның дәлелі.

Ескі қалалардағы алғашқы мешіттердің қызметін, академик К.М. Байпаков: «бөлек тұрған үйлер атқаруы мүмкін. Қазба жұмыстары кезінде тұрғын үйлердің, үлкен аумақты алып жатқан орталық бөлмесіне оңтүстік – батыс бұрышына михраб қуыстарын тұрғызған, бөлмелер табылған, осындай екі үйдің құрылысын Кедер аталатын Құйрықтөбе қаласынан аршылып алынған кезде кездестірдік» [Байпаков, 1990: 202; Байпаков, Нұржанов, 1992: 41], – деп жазды. Бұл үйлер типтік жобада тұрғызылып, үлкен емес бестибюлдерден тұрған. Оған көлемі 30 шаршы болатын бөлмелер жалғасады, бұл бөлмелердің ортасында, еденде ошақ орнатылған. Бір бөлмеден саз ыдыстың сынығы табылған. Бұл ыдыстың сынығында (көлемі 6 x 11) қара сиямен Құранның бірінші сүресі жазылғандығын көрсетті [Байпаков, 1986: 139].


Уақыт өте келе ислам дінінің кең қанат жайып дамуы қалаларда ислам діні өкілдерінің көбеюіне байланысты көп адамдарды сыйдыратын, үлкен мешіт ғимаратын салуды талап етті. Осыған байланысты үлкен мешіттер тұрғызыла бастады, оларды «жұмалық мешіттер» (соборные мечети), – деп атаған.

Жоғарыда аты аталған Кедер деп саналатын Құйрықтөбе қаласының жұртынан ең ертедегі мешіттің орны қазылды. Ол шахристанның (қаланың орталық бөлігі) орталығында орналасқан. Мешіттің қабырғалары күйдірілген және күйдірілмеген кірпіштен араластырылып қаланған. Мешіттің көлемі 36,5 x 20,5 м тең. Мешіт оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа созыла салынған. Ғимарат ішінен еден қалдықтары әр жерден ғана аңғарылады. Мешіттің солтүстік-батыс жартысы жақсырақ сақталған, онда еденнен күйдірілген кірпіштен қаланған 16 бағанның табаны аршылды. Барлығы 50 негіз: олардың саны қысқа қатарында 5, ұзынында 10 негіз болған. Бағандардың арасы 3 м-ден 3,2 м дейінгі жерді камтиды. Жұма мешіттің салынған уақыты – Х ғ. жатады [Байпаков, 1986: 139].


Жамбыл облысының аумағында жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде Өрнек қаласының жұртынан, жоғарыда айтылған Құйрықтөбе қаласында аршылған мешітке ұқсас мешіт орны табылды. Өрнек қаласын қазу кезінде жобасында тік төртбұрышты, өлшемдері 40 x 20 м болатын ғимарат аршылған. Түбін тазалағаннан соң қабырғалардың қыштан соғылғандығы, ал табандарының жұмыр тастан қаланғандығы көрінген. Қабырғаның ені 1 м шамасында. Ғимаратқа кіретін жерде екі қабырғасының ұштары кішкене бөлмеше (тамбур) кейпінде шығыңқы қаланған. Оның өлшемдері 3,5 x 3 м құрайды [Тарих және мәдени ескерткіштер, 2002: 308].

Еден бетін тазалаған жерлерінде тастан жасалған бағана (колонна) түптерінің жүйесі табылған. Олардың саны – 14 дана, үсті жайпақталған, ортақ өлшемдері 0,8 x 0,8 м шамасындағы шомбал тас сеңдер (Сур. 1; Фотосурет 1). Олар аралығы 3–3,5 м болып, түзу сызық бойымен орналасқан. Ғимараттың жалпы ауданында барлығы 55 не болмаса 66 бағана түптері болуы керек, олар ұзындық бойына 11 дана, ал 5 немесе 6 данасы көлденең бойына орналасқан [Тарих және мәдени ескерткіштер, 2002: 308].

Бұл ғимарат қалдықтары «бағаналы типтес» мешітке жатады. Яғни бағаналар күшімен (56 баған көптігін көрсетеді) төбесі жабылған дегенді білдіреді.



**Сур. 1.** Өрнек қалашығынан табылған мешіттің тас бағандары.  
К. М. Байпаков бойынша [Тарих және мәдени ескерткіштер, 2002: 309].




**Фотосурет 1.** Тараз мұражайындағы ортағасырлық мешіттердің тастан жасалған бағандары.  
Р. А. Бекназаров бойынша [Бекназаров Р. А., 2005: 37-39].

Кезінде Қарлұқ жағбулығының астанасы болған Іле өзенінің бойында орын тепкен Қоялық қаласын (городище Антоновка) қазу барысында, қаланың орталығынан (шахристан) XII–XIII ғғ. жататын мешіттің орны табылып, қазба жұмыстары жүргізілді [Акишев, Байпаков, 1979: 132]. Сыртқы көлемі 40 x 35 м болатын, ал ішкі аумағы 34 x 28 м құрайтын аумақты жерді мешіт


құрылысы алып жатыр. Мешіт ұзына бойы солтүстік-шығыстан, оңтүстік батысқа қарай созыла меңзелген. Мешітке кіретін есік солтүстік-шығыс қабырғада орналасып, минареті оңтүстік батысынан шығарылған. Мешіт қабырғалары күйдірілмеген кірпіштен қаланып, михраб қуысы күйдірілген кірпіштен өрілген [Байпаков и др., 2005b: 104].

Мешіт төбесі сәл бір бағытқа иіліп тұрған жабумен жабылған. Ол жабуды (мешіттің төбесі) 54 колонна тіреп тұрған, әр колоннаның түбінде тастан жасалған негіздер болған (Фотосурет 2; Сур. 2). Мешіттің биіктігі 2 м болатын және қалыңдығы 1,7–2 м жуық болатын сыртқы қабырғалары сақталған. Мешіт іші еден мен қабырғаның түйіскен жерінде, қалың етіп саз балшықпен сыланған, тандыр пештер арқылы қосылатын, түтін шығатын жүйесі бар және ол мешіт ғимараты пештермен жылытылған көрсетті [Байпаков, 2006: 102].



**Фотосурет 2.** Ортағасырлық мешіттердің төбе жабындарын көтеріп тұру үшін еденде жасалған бағандардың үлгісі. Қоялық қаласындағы (Антоновка қалашығы) XII–XIII ғғ. жұмалық мешітінің төбе жабынын тіреп тұрған бағандар жүйесі (аэрофото және жобасы).

К. М. Байпаков бойынша [Байпаков, 2007: 347].



**Сур. 2.** IX – XII ғғ. Тараз қаласындағы мешіттің төбе жабынын көтеріп тұрған бағандар тізбесі.

К. М. Байпаков бойынша [Байпаков, 2007: 344].

Жоғарыда айтылған археологиялық ескерткіштердің салыну құрылысынан Құйрықтөбе, Өрнек, Қоялық қалаларындағы табылған мешіттердің дінгекті немесе бағанды (колонналы) құрылыстар үлгісіне жататын көреміз. Бұндай дәстүрдегі құрылыстар ортағасырлық Қазақстан қалаларында кең тараған. Мысалы, Үлкен Хильвет (Қылует) Көне Түркістан діни құрылыс аумағында бағандар (тіреулер, колонналар) көптеп кездеседі. Мұнда бағандар белгілі бір тәртіппен орналасып, мешіт залының аражабындарын ұстап тұрған бағандардың тіреуші қызметін атқарған 10 тас негіз табылған [Смагулов, 1979: 183; Бекназаров, 2005: 37].

Бұндай мешіттердегі бағандар (колонналар) мешіт төбесін жабу үшін, негізін табандармен күшейтілген. Бағандар ағаштан немесе тастан ойылып жасалынған. Кейде ағаштан тұрғызылған бағандардың (колонналар) түбін берік қылу мақсатында негіз, табандар жасалған.

Табандар тастардан саз балшық араластырылып құйылып немесе тұтас тастардан ойылып – қиылып жасалынады да оған кигізіледі немесе отырғызылады. Мысалы, Өрнек қаласындағы мешіттен табылған, бағандардың табандарының (түптерінің) – екеуі шомбал тас сеңінен жонып қабыстырылған блоктар. Біріншісінің өлшемдері 05 x 0,5 x 1,3 м. Төменгі бөлігі аздап дөңгеленген және екі бұрышының ұштары алынып тасталынған, бір жағы қос сызықпен ойылып өрнектелген [Смагулов, 1979: 308].

Екінші түп, трапеция тәріздес блоктың жоғарғы бетінің өлшемдері 1,1 x 1,25 м, төменгі жағы – 0,75 x 1 м, биіктігі 1,2 м. Оның жоғары бетінде биіктігі 10 см. ойық бар. Блоктың екі қабырғасының қырлары жонып алынған. Екі қырында адам бейнелі суреттер (Сур. 1) ойылып жасалған [Тарих және мәдени ескерткіштер, 2002: 308]. Үшінші түп қос сатылы болып келеді, төменгі сатысының өлшемдері 1,3 x 1,2 м, 1 м, жоғарғы сатысы – 0,85 x 0,9 м, биіктігі – 0,4 м. Қалған түптер шомбал тас сеңдер [Тарих және мәдени ескерткіштер, 2002: 308]. Осындай түптердің (табандардың) негіздеуімен бағандар тұрғызылды. Бағандар негізінен, бұндай құрылыстарда екі қызмет атқарған, біріншісі, түскен күшті көтеру үшін, екінші, дымқылдан қорғау үшін [Пугаченкова, 1948: 146].

Бағандардың үстінен ұзын ағаштар тасталып, оның үсті тегіс етіп жабылған. Баста ағаш бағандар еден мен төбенің ортасындағы берік тіреуіш рөлін атқарса, кейін тастан жасалған бағандар орнатылған. Құйрықтөбе қаласынан табылған мешіттің бағандары ағаштан жасалынуы ықтимал. Олар жанып кеткен немесе шіріп кеткен. Ал тастан жасалған бағандар жақсы сақталған. Мәселен, Жамбыл облысының өлкетану мұражайындағы экспонат, Өрнек қаласынан табылған тас бағанға назар аударайық. Баған сұр құмтастан жасалған, биіктігі – 1,95 м. диамі – 0,31 м. Оның жоғарғы бөлігінде дөңгелек көзді, адам беті мәнерлеп салынған 4 бедерлі медальон айнала орналасқан, медальондардың диамі 31 м. Бағанның төменірек жағында өрнектерден құралған екі белдеу (Фотосурет 1) жасалған [Бекназаров, 2005: 39; Тарих және мәдени ескерткіштер, 2002: 309]. Осындай бағандар үлгісіне аталған музейде, тек түбі ғана сақталған бағанды да айтуға болады [Бекназаров, 2005: 39].

Бұндай тарихи жәдігерлер ғалымдардың назарын о баста-ақ аударған болатын. Мәселен, Сайрам қаласындағы Ідіріс (пайғамбар) мешітіндегі күрделі безендірілген тас бағанды (колоннаны) П.П. Иванов зерттеп, былайша сипаттамсын берді: «Это колонна высечена из светло-желтого песчаника; высота ее около трех аршин; диам при основани около 1 аршин», – деп жазса [Иванов, 1923: 55], М. Массон сол бағанды зерттеп «ұзындығы 2,56 м, негізгі түбінен диамі 63,3 см.», – деп оның көлемін (Сур. 3) көрсеткен.




**Сур. 3.** Сайрам қаласындағы Ыдырыс пайғамбар мешітіндегі тас баған.

А. Ю.Якубовскийдің фотосы [Массон, 1928: 30].

Сонымен қатар, М. Массон Сайрамдағы Ідіріс (пайғамбар) мешітіндегі бағанды «тығыз ұсақ қиыршық сұр тастың, тұтас блогынан қашалған, күрделі оюлы екенін жаза келе, екі қатар бойынша бағанда жазылған араб жазуларын оқиды, қорыта келе бағанның жасалу әдісіне және жазудың түріне (куфа жазуының бір нұсқасы) қарап бұл тарихи жәдігерді (ескерткішті) монғолдарға дейінгі XI–X ғғ. жатқызуға болады», – деп тұжырым жасайды [Массон, 1928: 30–31].

Осындай үлгідегі бағандардың, өзгеріске ұшыраған қалыптарын еліміздің батыс өңірлеріндегі, нақты айтқанда, Маңғыстаудағы жерасты – жартасты мешіттері құрылысынан байқауға болады. Мысалы, Шақпақ ата мешітін зерттеген А.Г. Медоев бұл мешіттің IX–X ғғ. салынғанын айтады. Әсіресе, мешіттің ішкі интерьері бірегей безендірілген, атап айтқанда, оюлы әсем бағандар бар. Әсем бағанның төртеуі де түрліше безендірілген, бірақ, солай бола тұрса да, ғалымдар олардың бәрінің де Сайрам бағанымен ұқсастығы, анық аңғарылғандығын (Сур. 4; Фотосурет 3) байқаған [Медоев, 1969: 53; Бекназаров, 2005: 39].




Сур. 4. Маңғыстаудағы Шақпақ ата мешітіндегі бағандар.  
А.Г. Медоев бойынша [Медоев, 1969: 53].



Фотосурет 3. Шақпақ ата мешітіндегі баған.  
А. Мамраимовтың фотосы [Мамраимов, 2009: 262].

Г.А. Пугаченкова Талас өзенінің аңғарларынан 1898 жылы Бес-ағаш (Жамбыл қаласына жақын) қалашығынан және 1917 жылы Ақ тепе қалашығынан (Дмитриевка селосы, Талас қаласының маңы) табылған тас бағандарды (Сур. 5) зерттейді. Ғалым жәдігерлерді талдай келе Ақ тепеден табылған баған, ұзындығы 4,30 см, диаметрі 73 см. өрнектері, құрылысы күрделі, – деп қорытынды жасайды да, Ақ тепеден және Бес ағаштан табылған бағандардың жасалу дәстүрлеріндегі ұқсастықты баса көрсетіп бұл ескерткіштердің уақыты қараханидтер дәуірінде жасалған, – деген түйін жасайды [Пугаченкова, 1948: 120].



Сур. 5. Мешіттің төбе жабынын тіреуші тас баған.  
Г.А. Пугаченкова бойынша. [Пугаченкова, 1948: 148]

Сол секілді, ерте ортағасырларда Қазақстанда салынған мешіттер түріне Түркістан қаласының Қ.А. Яссауи кешенінен оңтүстікке қарай 150 км. жерде орналасқан, Қ.А. Яссауидің жер астына салдырған «кылуетін» – (Большой Хильвет) күрделі құрылысын айтуға болады. Жалпы хильветте 18 бөлме бар, күрделі құрылыстың салыну уақытын ғалымдар шамамен XII ғасырға жатқызып отыр. Бұл жер асты құрылысы – квадрат түріндегі қалыпта (1,34 x 1,34), жер деңгейінен 4 м тереңдіктегі, күйдірілген қалыбы квадрат түріндегі кірпіштен қаланған ғимарат. Төбе жабулары ерте кезеңнің балхы – тастаулары жүйесі бойынша болған. Едені саз балшық негізінің үстінен, күйдірілген квадрат кірпіштермен өрілген. Сыйынатын мешіт бөлмесі квадрат (5,9 x 5,5) қалыпта, қабырғасы мен едені күйдірілген квадрат қалыптағы кірпіштен өрілген. Қабырғаларында биіктігі 1,15 м, жалпақтығы 60 см. болатын қуыстар жасалынған [Смагулов и др., 1999: 138–144].

X–XII ғасырларға жататын мешітке Жетісудағы үлкен қалалардың бірі Баласұғын қаласында салынған Баласұғын мешітін айтуға болады. Мешіт сақталмаған, алайда мұнара 21,6 м биіктікті құрайды, құлаған мешіт қонысында әлі сақталған. Мұнара (минарет) сегіз қырлы негізде күйдірілген кірпіштен, жоғарыға қарай сүйірленіп біткен құрылыс. Минарет белдеулер жүйесімен тұрғызылып, өрнектелген [Байпаков, 1990: 202].

Сонымен қорытындылай келе, жоғарыдағы қазба жұмыстары нәтижесінде табылған мешіттердің жоспарлануына және баған түптерінің болуына қарағанда бұл жазық төбелі, тік бұрышты ғимараттар болған. Олардың төбесі көптеген бағандарға сүйеніп, ол бағандар өз кезегінде тастан жасалған түптермен негізделген. Бұндай ғимарат қалдықтарына қарап «бағаналы түрдегі» мешіттер болғанын айта аламыз.

Академик Н.И. Конраттың көрсетуінше Орталық Азия, Иран және Солтүстік Үндістан жерлерінде өнер мен мәдениет саласында IX–XII ғғ. ренессанс дәуірін бастарынан кешкен [Булатов, 1993: 2].

Жаңару IX–X ғғ. барлық мәдениет негізінде жасалынды. Құрылыс саласындағы техникалық төңкеріс оның бастау көзі болды. Жаңа стиль күйдірілген кірпіштің ғимарат қабырғасын және оның бөлшектерін, зәулім құрылыстарды салуда кең қолданысқа ие болу нәтижесінде қол жеткізілді. Сәйкесінше, архитектураның топталуы да өзгеріске түсті. Оның негізінде діни ғимараттарда жаңа

типтік жүйе (күмбезді, аулалы, күмбезді аулалы құрылыстар) пайда болды [Булатов, 1993: 2; Прибыткова, 1973: 11].

Сонымен қатар, ғимаратқа кіретін порталды – тоғыспалы есіктің салынуы сәулет өнерінде жаңалық болып қосылды. Ондай дәстүрдің шығуы түркілерге телініп жүр. Осылайша құрылыс өнерінде, сәулет тарихында IX–XIII ғғ. техникалық төңкеріс болған [Прибыткова, 1973: 11].

Осы көрсетілген құрылыс өнеріндегі даму, құрылыс материалының жаңаруы, басқа да игі жаңалықтар Қазақстан мешіттерінің салынуында пайдаланылды деп тұжырым жасауға болады.

Ортағасыр дәуіріндегі мешіт салу өнерінің дамуы. Бұл кезең терең әрі бай тарихымызда бір бөлек, тұла бойында: монғол шапқыншылығы, ол кездегі уақытша тұрақсыздық, жайсыздық, одан кейінгі Алтын орда мемлекетінің құрылып, дамып, кемеліне жетіп гүлденген шағымен, оның әлсіреп құлауы және Әмір Темірдің қуатты мемлекетінің пайда болуы секілді тарихи уақиғаларды бойына жиған уақыт еді. Одан әрі кезең Алтын Орда мұрагерлерімен, Әмір Темір мемлекетінің орнына келген мирасқорларының тарих сахнасында жасаған істерімен, тарихи уақиғаларға толы үлкен кезең тұсында мешіт салу ісінің дамуы туралы мәдени ескерткіштердің даму тарихы ерекше өрбіді.

Аймақта ислам дінінің дамуы кең қанат жайып, үлкен қалаларда кварталдық мешіттер, жұмалық мешіттер, мешіттердің жанында медреселердің (оқу орындарының), ханакалардың (сопылардың адам қабылдайтын үйлері) пайда болуы (ол ғимараттардың функциялары қалыптасқан) секілді осы уақытқа ғана тән сипаттармен ерекшеленді.

Сол кезеңнің уақыт талабына, қоғамның дамуындағы жетістіктерге сай, жаңа әсемдігі жарасқан сәулет өнерінің шешім табуда қол жеткен жетістіктерінің негізінде мешіттердің ғимараттары тұрғызыла бастады. Бұл уақыт мешіт тұрғызуда тұтастай бір кезеңдерден өткен, дәстүрі қалыптасып, дамыған, ғимарат тұрғызуда өзіндік әдіс, құрылымдық шешім қабылдаудағы шеберлердің білімі мен ғимарат тұрғызудағы игерген ғылыми дағдылары қалыптасқан кезең болатын.

Шеберлер заман, уақыт, идеологиялық талаптарды және өздерінің ғимарат салудағы түрлі әдістеріне, сонымен қатар өздеріне дейінгі үлкен дәстүрді игере отырып, сәулет өнерінің тарихындағы маржандарын дүниеге әкелді.

Отанымыздың өңірлерінен археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған және сақталған тарихи ескерткіштер – мешіттерді, сонымен қатар көршілес елдер территорияларындағы, бізге мәлім мешіттерді салыстыра отыра қолда бар материалдардың негізінде уақыттарына (уақыт межесіне), құрылыс салудағы қалыптасқан дәстүрге сүйеніп, біз бұл мешіттерді шартты түрде екі кезеңге бөлеміз:

- 1) Алтын Орда кезіндегі мешіт салу дәстүрінің дамуы;
- 2) Әмір Темір тұсындағы және одан кейінгі кезеңдегі мешіт салу ісінің ерекшелігі.


Бұл кезеңдердің ерекшелігі Қазақстан территориясында салынған ортағасырдағы мешіттердің, көрші мемлекеттердегі мешіттермен ұқсастығының болуында. Сондықтан да біздегі мешіттердің баламалары, көрші елдердегі мешіттерден табылып жатады. Оған себеп, Монғол империясының бір тұтас аумағында Алтын Орданың құрылуы, осы аумақтағы мәдени өміріндегі байланыс үрдісі бір арнада жүрді, мешіт тұрғызудағы өзгерістер өте аз еді.

Алтын Орданың алып жатқан ұлан байтақ аумағындағы Еділден Кавказға одан Орта Азиядағы елдердің қалаларындағы мешіт салыну ісіне көз жүгіртсек, ауқымды империяға тәуелді, орданың аймақтарындағы ірі-ірі қалаларында мешіттердің көп салынғаны белгілі. Ә.Х. Марғұланның көрсетуінше, Алтын Орда тұсында Қазақстанда көптеген қалалар бой көтерген. Солардың бірі Жайық өзенінің бойындағы Сарайшық қаласы [Марғұлан, 1950: 85–88]. Осы қалада сопылардың забия мешіті болған. Монғолдар құрған ұлыстардағы кейін Алтын Ордадағы қалалар негізінен хандардың қолдауымен, солардың қамқорлығының арқасында көшпелі өмірмен байланыста (сұлтандардың қыстауымен жайлауларына жақын жерлер) дамыды [Федоров-Давыдов, 1983: 215–220]. Мысалы, кезіндегі Хорезм мемлекетінің орталығы болған Үргеніш қаласының жұмалық мешітінің қазіргі таңда тек мұнарасы ғана сақталған, биіктігі 60 м асатын мұнараның ұшар басында, ағаш тақтайлардан жасалған ұяшық бар. Сол жерде кезінде үлкен шам тұрған. Мұнарадағы жазудан Алтын Орда империясының бір бөлігі Хорезмнің ордаға тәуелді билеуші Құтылық-Темір (1321–1336.) және Алтын Орда ханы Өзбек (1282–1341) есімдері жазылған [Пилявский, 1974: 39–40].

Еділ өзенінің төменгі ағысында орналасқан Алтын Орда дәуіріне жататын қалаларды зерттеу кезінде археологтар жұмалық мешіттің орнына қазба жұмысын жүргізген. Осы қазылып алынған Водянской (Бельжамен қаласы) қалашығы Волгоград облысы Дубовка қаласы маңынан солтүстік-батысына таман орналасқан [Егоров, Федоров-Давыдов, 1976: 108].

Мешіт төрт бұрышты қалыпта 26 x 35 м аумақта, солтүстіктен оңтүстікке қарай созыла, ал михрабы бойынша оңтүстік-шығысқа бағытталған. Қабырғалары саз ерітіндісінен жасалған балшықпен байланыстырылып, өңделмеген табиғи тастан қаланған. Қабырғаларының іші балшықпен сыланып, оның үсті ақ бормен ақталған, сыртқы солтүстік және шығыс қабырғалары майланған.

Ғимараттың ішкі кеңістігі бағандар арқылы алты нефке бөлінген, әр қайсысының жалпақтығы 4 м құрайды. Жоғарыдағы жабуды тіреп тұрған, ағаш бағандарының (Сур. 6) бірнеше қатар бойына түптері сақталған. Еден ағашпен жабылған, мешіттің есігі солтүстік қабырғада орналасқан. Ғимараттың солтүстік-шығыс бұрышында үлкен тас плиталардан жасалған мешіт мұнарасының цоколы сақталған. Ғимарат XIV ғ. екінші жартысында тұрғызылған [Егоров, Федоров-Давыдов, 1976: 108].



**Сур. 6.** Еділ өзені бойындағы Водянской (Бельджамен) қаласындағы ортағасырлық (Алтын Орда) мешіттің жобасы [Егоров, Федоров-Давыдов, 1976,109].

Сонымен, Алтын Орда дәуірінде империяның түпкір-түпкірлеріндегі салынған мешіттердің, ауқымы жағынан орташа мешіттің сұлбасы осылайша болған, – деген қорытынды жасауға болады.

Алтын Орданың қалаларына (Еділдің төменгі ағысындағы) талдау жасай келе В.Г. Блохин: «Водянской (Белжамен) және Селитренной қалашықтарындағы мешіттерді құрылымдық (композициялық) принциптер негізінде талдай келе, ол мешіттерді – ғимараттардың ішкі кеңістігі колонналар арқылы стандартты квадраттарға бөлінетін, «бағанды құрылыстар» түріне жатады» [Блохин, 2001: 12–13], – деп жазды. Ғалым бұндай үлгідегі мешіттердің Алтын Ордада кең тарағанын көрсетіп отыр. Сонымен қатар, автор, бұл Еділдің төменгі ағысындағы Алтын Орда дәуірінің мешіттерінің құрылысына Кіші Азия және Еділдік бұлғарлардың мешіт салу дәстүрлерінің ықпалын аңғарғанын жазды [Блохин, 2001: 12–13].

Алтын Орда дәуіріндегі Еділдің төменгі ағысындағы қалалардағы мешіт салу дәстүрінің Еділ бұлғарларындағы (X–XIII ғ. жартысы) мешіт салу дәстүрімен байланысын, Еділ бұлғарларының Биляр, Сувар, Ошен қалаларындағы мешіттерді салыстыра отыра білеміз. Мәселен, Биляр қаласындағы мешіт төртбұрышты жобада (84 x 32 м) көп бағанды залдан тұрған. Биік қайың талдарынан өңделген ағаштардан тұрғызылған қабырғалары болған, бағандардың арақашықтығы 3,2 м құрайды. Мешіттің төбесі жалпақ жабу арқылы жабылғанын ғылыми зерттеулер дәлелдейді [Валеева, Валеева-Сулейменова, 2002, 48–49]. Бұдан шығатын қорытынды: Алтын Орда тұсындағы мешіттердің оған дейінгі дәстүр негізінде салынғандығын көреміз. Сонымен қатар, біздің елдегі Өрнек, Құйрықтөбе қалаларындағы мешіттердің жобасы да осыларға ұқсас болғандығын аңғаруға болады. Алтын Орда құрамында, бір тарихи-мәдени аумақта өмір сүргендіктен, Қазақстанға да осындай құбылыс тән болған.

Ендігісі Әмір Темір және оның мұрагерлері билік құрған кезеңде мешіт құрылысын салудағы ерекше сипат, айрықша сәулет дәстүрінің қалыптасуы. Әмір Темір тарихта Алтын Орданы құлатушы басқыншы, қалалар мен өркениет орталықтарын талан-таражға салушы болып танылды. Екінші жағынан, Темірдің Хорезм мен Алтын Ордаға қарсы күресі оның Орта Азияны күдіретті мемлекетке тұтастыру ниеті, ойы болған тарихи тұлға ретінде танылды [Якубовский, 2000, 143–144]. Сонымен қатар, мәдениетпен өнерді дамытушы, өркениеттің қамқоршысы болғаны да белгілі. Әмір Темірдің осылайша адамзаттың барлық тарихи тұлғалары тәрізді тұлға бойы жақсы ісімен, ізгі ниетімен, қаталдығы, талапшылық қасиеті қатар жүрген, қиын заманның биік тарихи тұлғасы еді. Қай заманда болсын соғыс кезінде сұрапыл, қисынсыз адам тұтқындалуы, қалалар мен мәдени орталықтардың қирауы тәрізді құбылыстардың болатыны заңды. Әмір Темір жорықтары кезінде де бұндай кесапаттың болғанын тарих растайды. Ал, Әмір Темір өнер-білімге және ғылым, мәдениетке көңіл қойып дамуына қамқорлық жасағаны ойы озық, санасы биік тарихи тұлға ретінде әлем тарихына есімі енді. Әсіресе, қалалар, архитектуралық кешендер салу кең тарады. Тұтастай ғылымда «тимурлық стиль» деген атаумен ғылымға енген, тарихи архитектуралық ескерткіштердің дүниеге келуі – соның айғағы.

Әмір Темір кезінде салынған қалалар мен ондағы ғимараттар әр түрлілігімен ерекшеленді. Сонымен қатар, бұл ғимараттардың салынуы өздеріне дейінгі кең дәстүрдің негізімен сабақтасып жатыр. Мәселен, Әмір Темірдің кезінде салынған ғимараттарға тән басты ерекшелік – сарайлар, мавзолейлер, мешіт, медреселер және олардың биік әрі ауқымды болып келуі. Бұл ғимараттардың барлығына дерлік тән элемент: күмбез қосылады. Сәулет тарихының зерттеушісі Г.А. Пуганченкова осы тұрғыда: «В мечетях пештак (особенно дворовый портал – айван) служил не только входом, но и монументальным, обращенным в сторону Мекки, отовсюду видимым михрабом», – деп жазды [Пугаченкова, 1963: 80]. Осылайша, мешіт салуда қалыптасқан дәстүр, одан әрі дамыды.

Осы кезге тән мешіт салудағы ерекшеліктер де мынандай сипатқа ие болды: портал, күмбез, мұнаралар салынып, ғимараттың құрылымы күрделенді, ғимараттар салуда кешенділік сипат алды, мешіттердің жанында мектеп, медресе, художыралар, ханакалар бой көтерді.

«Темірлік кезеңге» тән архитектуралық ескерткіштерде байқалатын ерекшеліктердің бірі – ғимараттардың әр түрлі атқаратын қызметіне қарай бір кешенге біріктірілуі. Мәселен, Г.А. Пуганченкованың көрсетуінше: «Темірліктер кезіндегі құрылыстарда мавзолейдің архитектуралық ауқымы көп жағдайда медреселердің құрамына кіріктірілді. Оның кіріктірілуі ғимараттың ортақ жабысын біріктіру үрдісі жүрсе де, өзіндік жеке құрылымдылық тәуелсіздігін жоймады. Мысалға, Әмір Темірдің әкесі Тарағайдың Шахрисабтағы мавзолейі, Ұлықбек ұрпақтарының шех Күлял қорымындағы зираттары Дорут-Тиливат медресесіне және Көк-Гүмбаз мешітімен бірігіп ортақ кешен құрайды. Керемет Гур-Әмір Мұхаммед-Сұлтан ханакасы мен медресесінің ауласына бір деңгей бойына салынып, қосылып жатыр. Сол сияқты, Самарқандтағы Бибі ханым мавзолейі Сарай-Мульк ханым медресесінің құрамына кірді. Ал, Гераттық Темір ұрпақтарының мавзолейлері Гауһар-Шад медресесінің дәрісханасының бұрышында орын тепкен», – деп жазды [Пугаченкова, 1976: 83].

Сол кезеңге тән мешіт кешенінің құрамдас бөлігі, қоғамдық өмірде үлкен орынға ие болған мұсылмандардың білім ордасы – медреселер болды. Қалалардағы мешіт құрылымының құрамына енген қоғамдық, діни орындардың тағы бір ерекше түрі: ол – сопылардың ханакалары (қонақ үйлері) еді. Ол ғимараттар әр жерде (завиялар, ханакалар, тәкиялар) түрліше аталды.

Медреселердің мұсылмандар өмірінде, әсіресе қалалық жерлерде әлеуметтік орны зор болды. Монғолдар жаулап алушылығы кезінен кейін медреселердің өз алдына архитектуралық келбеті қалыптасып бітті. Зәулім биік медреселерді (монументалды) хандар, әмірлер, уәзірлер салдырса, орташа тұрғыдағы медреселерді бай адамдар, әскери қолбасшылар мен дінбасылар салдырды [Мирбабаев, 1983: 142–143].

Медреселердің ғимараттық жобасы, мешіттердің құрылымдық жобасына жақын болған. Медреселердің архитектуралық сызбасы селжұқтық иранда дүниеге келген. Бұл түрдің мұсылман әлемінде кең тарауына, көп болып сыйынуға ыңғайлы айванның ықпалы болды. Айван – бір қапталы ашық болып, ал қалған үш қапталы жабық болатын күмбезді зал. Ирандағы исламға дейінгі сәулет өнерінің дәстүрі ретінде айван медресенің бір элементіне айналды. Айвандар ішкі аулаға фонтан арқылы кірді, олар архитектуралық шешім табуына байланысты 3–4 айвандық болып бөліне берді. Медреселер бір немесе екі қабаты болды, ол қабаттарғады бөлмелерде оқушылар өмір сүрді [Тораваль, 2001: 241–242]. Ортағасырдан бізге бірнеше медреселер жеткен, мәселен селжұқтардың


Конь қаласындағы монументалды салынған, Инже Минар, Қайыр қаласындағы Айубилік сұлтан Салиха Наджм ад-дин және мәмүлік сұлтаны әл – Қалауынның медреселер. Мәмүліктер сұлтаны әл Хасан (XIV ғ.), Қайт би ( XV ғ.) медреселері әлемге танымал.

Тимуриттік кезеңнің Самарқанд қаласындағы Ұлықбек медресесі айтуға болады. Медресе үшін салдырған ғимараттарда шығыс елдердің көрнекті ұлттық өрнегін қалдырған, түрлі өсиет өнеге, ғибрат сөздер ұран ретінде, ал көнелерінде осы медресе ғимараттарын қалаған шеберлердің аты жөні жазылған. Медреселер ішінде оқу бөлмелері, құжыралар, дәрісхана, кітапханалар болған.

Осы кезеңде кең тараған құрылыс түрлерінің бірі – ханакалар (сұпылардың өмір сүрген үйлері) [Суфизм, 1989: 268–273].

Әмір Темірдің салдырған зәулім ғимараттарының Қазақстандағы бұзылмай жеткен әрі құнды тарихи жәдігер – Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Иассауи кешені.

Бұл ғимарат кезінде Ясы қаласында жерленген, түркі дүниесіне аты мәшһүр, жергілікті діни шайыр, ғұлама, дала данышпаны Қожа Ахмет Ясауидің бейітінің (Фотосурет 4) үстінен XIV ғасырдың соңында Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылған. Әмір Темірдің тұрғызығанын зиратханаға кіре берістегі және тайқазандағы жазулар дәлелдейді. Кәбірхана, зиратханаға кірер жерде жоғарыда: «Повелел построить эту священную усыпальницу (раудат) ... Тимур ...», – деп жазылған. Ал қазандағы жазуда: «приказал построить это место для питья ... Эмир Тимур Гурган ... для усыпальницы (раудат) шейха Ахмада ал-Ясави ... 20-го шавваля года 801-го (25 июня 1399 г.)», – деп көрсетілген [Туякбаева, Проскурин, 1989: 108].




**Фотосурет 4.** Түркістан қаласындағы Қ. А. Яссауи кешені.  
Т.Бәсеновтың фотосы [Basenov, 1981: 18].

Ғылымда бұл ескерткіштің орны туралы, атақаратын қызметі турасында нақты пікір жоқ. Қ.А. Ясауи кешенін зерттеген М.Е. Массон, Л.Ю. Маньковская, Г.А. Пуганченкова, А.А. Ивановтар оны «мавзолей» – деп атайды. Ал, М.С. Бекчурин, П.Н. Ахмеров, Н.И. Веселовский, А.А. Семенов секілді ғалымдар бұл ғимаратты «мешіт» деп көрсетеді. Ал, қазақ ғалымы Т.К. Басенов болса өз кезегінде бұл ғимаратты «мемориальды кешен» – деп жазды. В.Л. Воронина, Б.Т. Туякбаева, А.Н. Проскуриндер бұл ғимаратты «ханака» деп топшылайды [Туякбаева, 1989: 9].

Қазақстандық зерттеушілердің көрсетуінше, бұл кешен өте күрделі дүниетанымдық көзқарас негізінде дүниеге келген ғимарат. Оның құрылымдық жүйесінің бастаулары өте тереңде исламға дейінгі дәуірде жатыр [Туякбаева, Проскурин, 1989: 106–116]. Ғимараттың көркемделуіндегі эпиграфиялық (арабша жазу) жазудың да қайнар көзін сол терең уақыттағы тарихқа үңілгенде ғана табуға болады, деп жазды зерттеушілер [Туякбаева, Проскурин, 1989: 106–116; Туякбаева, Проскурин, 1986, 36–40; Туякбаева, 1989: 9].

Күрделі құрылымды құрылыстың ерекшелігі үлкен күмбезбен көмкерілуі және биіктігі 39 м болатын қалың порталында. Ең үлкен халық болып жиналатын қазандық залының төбесін диамі 18,2 м болатын күмбезбен көмкерген. Қазандық бөлмесінің аумағы 330 м кв. құрайды, бұл кешеннің орталық (Сур. 7) залына 14 есік бөтен бөлмелерден келіп қосылады [Агапов, Кадырбаев, 1979: 203].




Сур. 7. Түркістан қаласындағы Қ. А. Яссауи кешенінің жобасы.  
Б. Т. Туякбаева бойынша [Туякбаева, 1989: 14].

Қожа Ахмет Ясауи кешенінің мешіт бөлмесі кең залдан тұрады. Оның іші өте әдемі көркемделген. Бөлме ішінің қабырғаларында биіктігі 11,5 м және тереңдігі 2–3 м болатын қуыстар жасалынған. Бөлме төбесінде көп қырлы барабан жасалып, оның үсті күмбезбен жабылған. Батыс нақтырақ айтсақ оңтүстік-батыс қабырғада михраб тұрғызылған. Бұл бөлмеде қабырғаларды өрнектеудің іздері кездеседі, оларды сталактиттер басып тұр. Мешіт бөлмесіне жарық екі үлкен терезеден басқа, күмбездің барабанында жасалынған қуыстар арқылы түсіп тұр. Мешітпен дәліз арқылы байланысатын жалғыз ғимарат – кітапхана болып есептеледі [Туякбаева, Проскурин, 1989: 106–116; Туякбаева, Проскурин, 1986: 36–40; Туякбаева, 1989: 9].

Кейбір архитектураны зерттейтін тарихшылар «Темірлік кездегі құрылыс салуда ренессанс ешқандай талассыз болды» – деп тұжырымдап, ол үрдістің екі жолын көрсетіп: «біріншісі, Самарқандтағы Ақ сарайдың архитектурасымен сипатталып, ерекшеленсе; екінші фаза Мешхедтегі Гавхар-Шад (1405 ж.) мешіттің салуынан басталып және орталық мектептің пайда болуы жаңа түрлерге бастау болып, ол түр кейін үлгіге айналды», – деп жазды [Булатов, 1993: 2].

Ортағасырлық Қазақстандағы мешіт салу үрдісінің жүру барысы әлемдегі мұсылмандық сәулет өнері, діни құрылыс салу дәстүріндегі үрдістің аясында жүрді деп қорытынды жасай аламыз. Түркістан қаласындағы Әмір Темір салған Қ.А. Яссауи кешені соның дәлелі. Ауқымды уақытты қамтыған, көптеген ескерткіштерді дүниеге әкелген ортағасырлық Әмір Темір уақытында басқа да салынған мешіттер болды, алайда олар бізге жетпеген.

Кейінгі ортағасыр дәуіріндегі мешіт салу өнерінің дәстүрлері. Археологтар Отырар қала орнын қазған кезде, қазба жұмысының оңтүстік-шығыс бөлігіндегі IV бөліктің қазбасында табылған мешітті баста кварталды мешіт деп тұжырымдаса, кейін толық қазба жұмыстары жүргізіліп (Сур. 8), мешіт аумағы аршылып, нақтыланғаннан кейін бұл ғимараттың жұмалық мешіт қызметін атқарғандығын анықтады [Акишев и др., 1981: 107–108; Акишев и др., 1987: 103–109]. Кейінгі ортағасырларға (XIV–XV ғғ.) тән мешіттер негізінен, Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы ескерткіштерге археологиялық қазба жұмыстары жүргізу кезінде анықталды.



**Сур. 8.** Ортағасырлық Отырар қаласындағы жұма мешітінің жобасы.  
К. Акишев бойынша [Акишев и др., 1987: 106–107].

Отырар қаласына қазба жұмыстарын жүргізген уақытта мешіт атауын алған нысан орталық қырдың оңтүстік-шығысында орналасқан. Оңтүстік аумақтағы (участок) IV қазба жұмыстары жүргізілген кезде табылған. Мешіттің тұрғызылған уақыты XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басы, деп есептеледі. Мешіттің ғимараты басқа мақсатқа пайдаланылып, құрылысты өзгерткен уақыты XVI ғасырдың басына жатады. Аумағы 60 x 22 м болатын құрылыс шығыстан батысқа ұзына бойына созылып жатыр. Мешітке кірер есік солтүстік фасад беттің ортасынан мешіт қабырғасынан едәуір шығып тұратын порталда, төртбұрышты қалыптағы пилондар (өлшемі 2,7 x 1,35 м) арқылы шығарылған. Портал тіреулерінің арасындағы қашықтық 6 м. Батысындағы пилонның 1,7 мге шейінгі биіктігі сақталған, ал шығыстағы пилон кірпіштері бұзылып қалған. Порталдың бұрыштарында, негіздері цилиндр тәрізді (диамі 2 м) мұнаралар (Фотосурет 5) түбі сақталған. Мұнаралар ішінде жоғары көтерілетін бұрамалы (винт тәрізді) баспалдақтары болған, оған мешіт ішінен аумағы 1 м болатын есіктен кірген. Батыс беттегі мұнаның төрт алғашқы баспалдағы сақталған. Ғимараттың фронталды үйлесімі 4 қатар тұрған галереядан тұрады. Бұл галереялар үш қатарға 30-дан төрт бұрышты етіп (1,35 x 1,35 м) жасалған бағандар арқылы құралған. Төрт бұрышты бағандардың ара қашықтығы 3,7 м құрайды [Акишев и др., 1981: 107–108; Акишев и др., 1987: 103–109].




**Фотосурет 5.** Ортағасырлық Отырар қаласындағы жұма мешітінің батыс жағындағы мұнарасының көрінісі. К. Акишев бойынша [Акишев и др., 1987: 106–107].

Ғимаратқа кірген жерде белдік бойынша екі зал болған. Төбе жабуының тіреулері тұтастай кезінде тұтастай бұзылған. Залдың батыс бағыттағы бір бұрышында аумағы 3,3 x 1,65 м болатын баған сақталған. Бағандар өте күрделі байланысқаны көрініп тұр. Ғимараттың михраб қуысы орналасқан жерде ағаш есік бар, ол оңтүстіктегі тұрғын жайлармен көше жаққа қарай шығады.

Мешіттің едені өте ұқыпты етіп тегістелген. Бағандар жер деңгейінен 15–20 см, негіз арқылы жасалған. Фундаменттің жалпы қалыңдығы 1,1 м, бұндай мешіт бағандарын дымқылдан қорғау әдістері Орталық Қазақстанда да кездеседі. Құрылыстың байланысқан жерлеріндегі қабырғалар, бағандар, портал пилондар – сапалы күйдірілген кірпіштерден қаланған.


Мешіт ішінің сәулеттік көркемделуі әсем болған, оған дәлел ретінде сары, көк түсті глазур кірпіштер, төртбұрышты, шаршы түріндегі ою, зооморфты суреттер, полихромды майолкілі суреттердің сынықтары михраб жақтан табылғанын көрсетуімізге болады. Одан бөлек панджара терезесінің керамикалық торларының қалдықтары табылды. Бұл ғимарат кварталдық мешіт емес, ол жұмалық мешіт болғанына ұқсайды. Оған ғимараттың алып жатқан аумағы, құрылыс материалдарының ерекшелігі (күйдірілген кірпіш, малойка т.б. қалдықтар), мұнаның және зәулім порталдың болуы дәлел. Мешіттің солтүстігінде тағы бір ғимарат болғандығы көрсетілген құрылыс қалдықтары бар. Осы Отырарлық жұмалық мешітті ғалымдар бағанды-күмбезді құрылыс түріне жатқызып отыр [Акишев и др., 1981: 107–108; Акишев и др., 1987: 103–109].

Келесі бір мешіт Отырар қаласынан оңтүсік шығыста 4 шақырым жердегі Байылдыр ауылында орналасқан [Жолдасбаев, 1980: 122–179]. Осы Байылдыр ауылының Данлыбай тепе атты жерде биіктігі 60 см., аумағы 25 x 25 м құрайтын шаршы қалыптағы жерді алып жатыр. Аумағы 20 x 20 м алқапта қазба жұмысы жүргізілді. Жоғарғы қабаты (20 см.) қазылып алынғаннан кейін 19 x 19 м аумақты құрайтын 20 бөлмеден тұратын төртбұрышты жобадағы құрылыс қазылынып алынды. Барлық бөлмелер орталық бөлмеге ыңғайластыра симметриялы (Сур. 9) түрде салынған.



Сур. 9. XIV–XV ғғ. жұма мешітінің жобасы мен жармасы.  
С.Ж. Жолдасбаев бойынша [Жолдасбаев, 1980: 174-175].

Сыртқы қабырғаның сақталған қалыңдығы 110 см. құрайды, олар күйдірілген кірпіштен (35 x 35 x 5) қаланып және бір қатар бойына сақталған. Бөлмедегі еден тығыздалып саздан жасалған, жақсы сақталған. Орталық бөлмеде колоннаның тумба түріндегі қалдығы сақталған, ол түбір күйдірілген кірпіштің сынықтарынан құралған, ортасында ағаш бағанға арналған қуыс бар (Фотосурет 6). Ғалымдар бұл кешенді XIV–XVI ғғ. жатқызуға болатынын көрсетіп отыр. Кешенде екі негізгі есік болған, біріншісі, № 19 дәлізден шығып, шығыс бағыттан орталық бөлмеге енеді. Бұл есік – қызметтік деп саналған. Екінші есік батыс бағыттан қосылады, ол шаруашылық есігі болған. Ол бетте асхана, оқушыларға арналған бөлмелер, дәрісхана және мешітке келушілерді қабылдайтын бөлмелер тобынан тұрған.



**Фотосурет 6.** XIV–XV ғғ. жұма мешітінің орталық базасы (негізі).  
С.Ж. Жолдасбаев бойынша [Жолдасбаев, 1980: 174–175].

Қазақстан археология ғылымының соңғы кездегі ашқан жаңалықтары елімізде бұрын белгісіз болып кеткен қалалардың орны зерттеліп, қазба жұмыстары жүргізілді. Мәселен, табылған археологиялық материалдардың негізінде ортағасырлық Сауран қаласының өмір сүрген уақыты VI–XVIII ғғ. деп нақтыланды [Акишев, Байпаков, 1979: 125]. Сауран қала жұртын қазу кезінде, регистанның орталық ауданынан монументалды құрылыстың орны аршылды. Жалпы алғанда бұл ғимарат қала аумағына солтүстік-батыс бағыттан түйседі. Қазба жұмысының нәтижесінде бұл ғимараттың күмбезді-порталды, дінгекті-аркілі және аулалы-айванды мешіт түріне жататыны, айқындалды [Байпаков, 2006: 113]. Бұл мешіттің сыртын күйдірілмеген кірпіштен өрілген қоршауы болған, қоршау қабырғалары 1,25 м биіктікте сақталған, бұл қоршау шамамен 34 x 42 м болатын ауданды алып жатыр. Осы қоршаудың оңтүстік-батыс бөлігінде мешіт ғимараты орналасқан, ол ғимарат тұтастай қазылынып алынған. Мешіттің көлемі шамамен 30 x 42 м аумақты алып жатыр. Порталға кіретін есік қуысының жалпақтығы 6 м. Оның арқасы үлкен екі пилондардың үстіне түсірілген. Негізгі есіктен кіргенде квадрат жобадағы (6 x 6 м) михрабы бар күмбезді зал орналасқан [Байпаков и др., 2005с: 305].

Жоғарыда аты аталған ғалымдардың соңғы зерттеулерінде ескі Сауран қаласынан 32 x 42 м көлемде болатын (2-нші археологиялық қазба) порталды медресе және қала сыртында солтүстік-шығысында орналасқан «намозгох» (қала сыртында салынатын мешіт) түріндегі мешіт қазылынып алынған. Бұл қазбаларға қорытынды жасау барысында ғимараттардың XVI–XVII ғғ. салынғандығы дәлелденді [Байпаков и др., 2005с: 305–306].

Кейінгі уақытта Сауран қаласының маңынан осындай мерекелік мешіттің бірі қазылды. Бұл Қазақстандағы алғашқы айт мешіті болып отыр. Мешіттің орны Сауранның бас қақпасынан солтүстік-шығыста 200 м жерде сақталған. Мешіттің аумағы (Фотосурет 7) бір гектарға жуық жерді алып жатыр. Ғалымдар мешіттің сәулеттік ерекшелігі, одан табылған заттардың салыстырмалы мерзімделуі және басқа да белгілері бойынша ғимарат XVI–XV ғғ. салынған деп болжалданып отыр [Талеев, 2006: 6].



**Фотосурет 7.** Сауран қаласындағы XIV–XV ғғ. айт мешіті.  
Д. Талеев бойынша [Талеев, 2006]

Сол секілді С.Ж. Жолдасбаев «Сығанақ қаласындағы XIV–XIX ғғ. жататын «Сунақ ата» мешітін ғалымдар баста «мешіт-сағана», өзінің екінші кезеңінде, мешіт-медресеге айналған деген жорамалды алға тартады. XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап «әулиелі» жерге айналып, сағаналық қызмет атқарған. Ал XVIII ғасырдың аяғынан бастап қосымша құрылыстар қосылып, мешіт медресеге айналған» – деп жазды [Жолдасбайұлы және басқалар, 2006: 32–33].

Жоғарыда айтылған жайттардан көретініміз, кейінгі ортағасырларда салынған мешіттер белгілі бір дәрежеде өтпелі кезеңдік сипатты құрайды. Оған себеп мешіттердің ерте бөлігі археологиялық артефакт есебінде жетсе, қалған бөлігі мешіт ретінде өз қызметін атқарып жаңа кезеңге жеткен. Бұндай үлгідегі мешіттер жаңа дәуір кезеңінде өз жалғасын тауып, дамыды, салынды.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, қазақ халқының мешіт салу өнерінің қайнар көзі ортағасырлық кезеңнен басатау алатындығы анықталып отыр. Оған дәлел ортағасырларда ел аумағында өмір сүрген мемлекеттердің қалаларында салынған мешіттер және ол мешіттерге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары болып табылады. Бұл тұжырымымызды тарихи жазба деректер мен археологиялық ізденістер нәтижелері растайды.

Отандық археолог мамандардың зерттеулерінде көне қалалардың орындарын қазуға дейін, ортағасырлық арап-парсы тілдерінде жазылған деректерді негізге ала отырып, қазба жұмыстарын жүргізген. Сол жазбаларда саяхатшы, ғалым, елшілердің жазған сипаттамаларын басшылыққа ала отыра сол қалаларды сәйкестендіруге тырысқан.

Біздің шолу мақаламызда ортағасыр кезеңінде ел аумағында салынып, кейін археолог мамандар қазып зерттеген мешіттері қолда бар материалдар негізінде зерделей келе, шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастырып едік.

Ерте орта ғасыр дәуіріндегі мешіт тұрғызу өнерінің қалыптасуы бұл кезеңде біздің байқағанымыз: қазба жұмыстары нәтижесінде табылған мешіттердің жоспарлануына және баған түптерінің болуына қарағанда бұл жазық төбелі, тік бұрышты ғимараттар болған. Олардың төбесі көптеген бағандарға сүйеніп, ол бағандар өз кезегінде тастан жасалған түптермен негізделген. Бұндай ғимарат қалдықтарына қарап «бағаналы түрдегі» мешіттер болғанын айта аламыз.

Ал, екінші Ортағасыр дәуіріндегі мешіт салу өнерінің дамуы кезеңі деп топтадық. Ол уақыт ортағасырлық Қазақстандағы мешіт салу үрдісінің жүру барысы әлемдегі мұсылмандық сәулет өнері, діни құрылыс салу дәстүріндегі үрдістің аясында жүрді деп қорытынды жасай аламыз. Түркістан қаласындағы Әмір Темір салған Қ.А. Яссауи кешені соның дәлелі. Ауқымды уақытты қамтыған, көптеген ескерткіштерді дүниеге әкелген ортағасырлық Әмір Темір уақытында басқа да салынған мешіттер болды, алайда олар бізге жетпеген.

Үшінші, Кейінгі ортағасыр дәуіріндегі мешіт салу өнерінің дәстүрлері кезеңінде кейінгі ортағасырларда салынған мешіттер белгілі бір дәрежеде өтпелі кезеңдік сипатты құрайды. Оған себеп мешіттердің ерте бөлігі археологиялық артефакт есебінде сақталса, қалған бөлігі мешіт ретінде өз қызметін атқарып жаңа кезеңге жеткен. Бұндай үлгідегі мешіттер жаңа дәуір кезеңінде өз жалғасын тауып, дамыды, салынды.

Отандық археологтар зерттеген, ортағасырлық мешіттер және кейінгі ортағасырда бой көтерген мешіт-медреселер үлгілері, қазақ халқының мешіт салу өнерінің қайнар бастаулары болып табылады. XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басында салынған мешіт-медреселерде уақыт межесіндегі, сәулет өнеріндегі, құрылыс салу технологиясындағы жаңашылдықтарға және мешіттің орналасқан (қала, дала) жеріне, көлеміне байланысты өзгешеліктер байқалса да, функционалды қызметтері ортақ болған, өзгермеген. Мешіттерді салуда о бастан-ақ қалыптасқан құрылысына қойылатын (зәулім ғимарат болсын, қарапайым аула болсын) негізгі үш талап сақталған. Ол талаптар: 1) мешітте Қағбаға бағыттап тұратын михраб қуысының көрсетілуі; 2) сыйымдылық кеңістігі ұйымдастыру; 3) тазалық (сиынушылардың да, мешіттердің де) сақтау шартының орындалуы [Глаудинова, 2002: 3]. Міне осындай ерекшеліктерді X ғасырда салынған ортағасырлық мешіттерден, XVI–XVII ғғ. бой көтерген кейінгі ортағасырлық және қазақ халқы салған XIX ғ. ортасы мен XX ғ. басындағы мешіттердің бойынан көруге болатын еді. Мешіттерді салуда осы негізгі принциптер сақталып дамыған.

#### Әдебиеттер

Агапов, Кадырбаев, 1979 – *Агапов П., Кадырбаев М.* Сокровища древнего Казахстана (Памятники материальной культуры). Алма-Ата: «Жалын», 1979. 250 с.

Акишев, Байпаков, 1979 – *Акишев К.А., Байпаков К.М.* Вопросы археологии Казахстана. Алма-Ата: Мектеп, 1979. 356 с.

- Акишев и др., 1981 – *Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Позднесредневековый Отрар. Алма-Ата: «Наука», 1981. 343 с.
- Акишев и др., 1987 – *Акишев К.М., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б.* Отрар в XIII-XV веках. Алма-Ата: «Наука», 1987. 256 с.
- Байпаков, 1986 – *Байпаков К.М.* Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья. Алма-Ата: Наука, 1986. 255 с.
- Байпаков, 1990 – *Байпаков К.М.* По следам древних городов Казахстана (Отрарский оазис). Алма-Ата: Наука, 1990. 205 с.
- Байпаков, Нұржанов, 1992 – *Байпаков К., Нұржанов А.* Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: «Қазақстан», 1992. 208 б.
- Байпаков и др., 2005а – *Байпаков К.М., Акылбек С.Ш., Воякин Д.А.* Археологические исследования на городище Каялык в 2005 году // Отчет об археологических исследованиях по Государственной программе «Культурное наследие» в 2005 году. Алматы, 2005. С. 187–188.
- Байпаков и др., 2005б – *Байпаков К.М., Воякин Д.А., Железняков Б.А.* Раскопки на городище Киялык // Отчет об археологических исследованиях по государственной программе «Культурное наследие – 2004». Алматы: ИД Credo, 2005. С. 103–107.
- Байпаков и др., 2005с – *Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Ержигитова А.А., Туякбаева А.А., Толеев Д., Бейсебаев А., Железняков Б.* Исследования городища средневекового Саурана // Отчет об археологических исследованиях по Государственной программе «Культурное наследие» в 2005 году. Алматы, 2005. С. 301–304.
- Байпаков, 2006 – *Байпаков К.М.* Средневековые города Казахстана (Книга альбом) Алматы: Онер, 2006. 200 с.
- Байпаков, 2007 – *Байпаков К.* Великий Шелковый путь (на территории Казахстана). Алматы: «Адамдар», 2007. 294 с.
- Бекназаров, 2005 – *Бекназаров Р.А.* Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері. Алматы: «Типография ОП», 2005. 160 б.
- Бернштам, 1941 – *Бернштам А.Н.* Памятники старины Таласской долины (Историко-археологический очерк). Алма-Ата: «Казахское объединение государственное издательство», 1941. 81 с.
- Блохин, 2001 – *Блохин Г.* Градостроительные традиции золотой орды (на материалах Нижнего Поволжья). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Волгоград, 2001. 22 с.
- Булатов, 1993 – *Булатов М.* Мусульманский ренессанс и архитектура // МАСКАН (Архитектура и строительство Узбекистана, Казахстана, Азербайджана, Киргизстана, Таджикистана, Туркменистана. 1993. №7, 8. июль-август. С. 19–25.
- Валеева, Валеева-Сулейменова, 2002 – *Валеева Ф.Х., Валеева-Сулейменова Г.Ф.* Древнее искусство Татарстана. Казань: «Татарское книжное издательство», 2002. 105 с.
- Глаудинова, 2002 – *Глаудинова Б.* Региональные особенности архитектуры мечетей Центральной Азии XIX – начала XX в. (на примере мечетей Казахстана и Восточного Туркестана). Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата архитектуры. Алматы, 2002. 22 с.
- Дербісәлі, 2009 – *Дербісәлі Әбсәттар қажы.* Қазақстанның мешіттері мен медреселері. Рухани шам шырақтар (IX–XX ғғ.). Алматы: Аруна, 2009. 496 б.
- Егоров, Федоров-Давыдов, 1976 – *Егоров В.Л., Федоров-Давыдов Г.А.* Исследование мечети на Водянском городище // Средневековые памятники Поволжье. М.: АН СССР, Наука, 1976. С. 108–167.
- Жолдасбаев, 1980 – *Жолдасбаев С.Ж.* Мечеть XIV–XV вв. В окрестностях Отрара (пос. Байылдыр) // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата: «Наука», 1980. С. 172–182.
- Жолдасбаев и др., 2006 – *Жолдасбайұлы С., Нұрханов Б., Әбсадық Ж., Өтеген Ж.* Сунақ Ата мешіті (XIV–XIX ғғ.) // Қазақ тарихы. 2006. № 5. 31–34 б.
- Иванов, 1923 – *Иванов П.П.* Сайрам: Историко-археологический очерк // Сборник Туркестанского Восточного института в честь проф. А.Э. Шмидта: (25-летие его первой лекции 15/28 января 1898–1923 г.). Ташкент, 1923. С. 46–56.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 8-т., 1985 – *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 8-т., II-Т (Планетарий-Тандыру):* Алма-Ата: «Ғылым», 1985. 591 б.

- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 9-т., 1986 – *Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 9-т.*, Т-Ү (Тәңертең-үрей): Алма-Ата: «Ғылым», 1986. 560 б.
- Тарих және мәдени ескерткіштер, 2002 – *Тарих және мәдени ескерткіштер жиынтығы. Жамбыл облысы* / Бас редакторы: К.М. Байпаков. Алматы: «РМК ММЕ ҒЗЖИ», 2002. 2 – том. 364-б.
- Мамраимов, 2009 – *Мамраимов А.* Ұлы Жібек жолындағы киелі жерлер. Алматы: «Алматыкітап», 2009. 288 б.
- Маргулан, 1950 – *Маргулан А.Х.* Из истории городов и строительного искусства Казахстана. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1950. 123 с.
- Маргулан и др., 1950 – *Маргулан А., Басенов Т., Мендикулов М.* Архитектура Казахстана. Алма-Ата: Каз. гос изд-во, 1959. 170 с.
- Массон, 1928 – *Массон М.* Старый Сайрам // Известия Средазкомстариса. Вып.3. Ташкент, 1928. С. 23–42.
- Медоев, 1969 – *Медоев А.Г.* Подземная архитектура кочевников полуострова Мангишлак // Простор. 1969. № 6. С. 51–57.
- Мирбабаев, 1983 – *Мирбабаев А.К.* Медресе – социально-культурный и архитектурный элемент города // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата: «Наука», 1983. С. 156–161.
- Ондасынов, 1989 – *Ондасынов Н.Д.* Арапша-қазақша түсіндірме сөздік. Т.2. Алматы: «Мектеп», 1989. 263 б.
- Пилявский, 1974 – *Пилявский В.И.* Коня – Ургенч. Ленинград: Стройиздат. Ленинградское отделение. 1974. 289 с.
- Пищулина, 1969 – *Пищулина К.А.* Присырдарьинские города и их значение в истории казахских ханств в XV–XVIII веках // Казахстан в XV–XVIII веках (Вопросы социально-политической истории). Алма-Ата: «Наука», 1969. С. 4-49.
- Прибыткова, 1973 – *Прибыткова А.М.* Строительная культура Средней Азии в IX–XII вв. М.: «Издательство литературы по строительству», 1973. 238 с.
- Пугаченкова, 1948 – *Пугаченкова Г.А.* О каменных колоннах из Таласской долины // ТИИЯЛ Кир ФАН. Фрунзе, 1948. Вып.2. С. 151–154.
- Пугаченкова, 1963 – *Пугаченкова Г.А.* Араб-ата (из истории архитектуры Мавраннахра IX-X вв.). Ташкент, 1963. 145 с.
- Пугаченкова, 1976 – *Пугаченкова Г.А.* Зодчество Центральной Азии XV века. Ведущие тенденции и черты. Ташкент, 1976. 116 с.
- Смагулов, 1979 – *Смагулов Е.* Полевой отчет о работах Туркистанского археологического отряда ЮККАЭ в июле, сентябре, октябре 1979 г. // Архив Института археологии МОН РК. Инв. № 383. 120 с.
- Смагулов и др., 1999 – *Смагулов Е., Григорьев Ф., Итенов А.* Очерки по Истории и Археологии средневекового Туркестана. Алматы: «Ғылым», 1999. 232 с.
- Суфизм, 1989 – *Суфизм в контексте мусульманской культуры* / Отв. ред Н.И. Пригарина. М.: «Наука», 1989. 341 с.
- Сиздинов и др., 2022 – *Сиздинов Б.С., Жетібаев К.М., Музаффер Г., Мургабаев С.С.* XVIII–XIX ғасырлардағы тұрғын үй құрылымы (ортағасырлық Сығанақ қаласы негізінде) // Отан тарихы. 2022. № 2 (98). 217–228 б.
- Талеев, 2006 – *Талеев Д.* Қазақстандағы алғашқы айт мешіті қазылды // Егемен Қазақстан. 2006, 30 желтоқсан. 6-б.
- Торваль, 2001 – *Торваль. Ив.* Мусульманская цивилизация (Энциклопедический словарь). М.: «Лори», 2001. 296 с.
- Түркістан, 2000 – *Түркістан.* Халық аралық энциклопедиясы // Бас редакторы Ә. Нысанбаев. Алматы: «Қазақстан энциклопедиясы», 2000. 656 б.
- Туякбаева, Проскурин, 1986 – *Туякбаева Б., Проскурин А.* Декоративное убранство ханаки Ахмеда Ясави // Памятники истории и культуры Казахстана. Вып.2. Алма-Ата: «Казахстан», 1986. С. 36–46.
- Туякбаева, Проскурин, 1989 – *Туякбаева Б., Проскурин А.* Мировозренческие основы функционально-планировочной структуры ханаки Ахмеда Ясави // Памятники истории и культуры Казахстана (Сб. ЦСК общества охраны памятников истории и культуры) Вып. 4. Алма-Ата: «Казахстан», 1989. С.106–116.

Туякбаева, 1989 – Туякбаева Б.Т. Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясави. Алма-Ата: «Онер», 1989.156 с.

Федоров-Давыдов, 1983 – Федоров-Давыдов Г.А. Исторические особенности городов в монгольских государствах Азии в XIII–XIV вв. // Средневековая городская культура Казахстана и Средней Азии. Алма-Ата: «Наука», 1983. С. 215–220.

Якубовский, 2000 – Якубовский Л. Әмір Темір («Вопросы истории» журналының 1946 ж. № 9-ншы санынан үзінді. Аударған Т. Әсемқұлов) // Жұлдыз. 2000. № 10. 17–22 б.

Basenov, 1981 – Basenov T. Mausoleum complex of Ahmed Yassawi. Alma-Ata: «Oner», 1981. 71 p.

### References

Agapov, Kadyrbayev, 1979 – Agapov P., Kadyrbayev M. Sokrovishcha drevnego Kazakhstana (Pamyatniki material'noy kul'tury) [Treasures of ancient Kazakhstan. Monuments of material culture]. Alma-Ata: «Zhalyn», 1979. 250 p. [in Russian]

Akishev, Baipakov, 1979 – Akishev K.A., Baipakov K.M. Voprosi arkhologii Kazakhstana [Questions of archeology of Kazakhstan]. Alma-Ata: Mektep, 1979. 356 p. [in Russian]

Akishev i dr., 1981 – Akishev K.A., Baipakov K.M., Yerkovich L.B. Pozdnesrednevekovyy Otrar [Otrar in the Late Middle Ages]. Alma-Ata: «Nauka», 1981. 343 p. [in Russian]

Akishev i dr., 1987 – Akishev K.M., Baipakov K.M., Yerkovich L.B. Otrar v XIII–XV vekakh [Otrar in the 13th–15th Centuries]. Alma-Ata: «Nauka», 1987. 256 p.[in Russian]

Baipakov, 1986 – Baipakov K.M. Srednevekovaya gorodskaya kul'tura Yuzhnogo Kazakhstana i Semirech'ya [Medieval urban culture of Southern Kazakhstan and Semirechye] Alma-Ata, 1986. 255 p. [in Russian]

Baipakov, 1990 – Baipakov K.M. Po drevnim gorodam Kazakhstana (Otrarskiy oazis) [In the footsteps of the ancient cities of Kazakhstan (Otrar oasis)]. Alma-Ata: «Nauka», 1990. 205 p. [in Russian]

Baipakov, Nurzhanov, 1992 – Baipakov K., Nurzhanov A. Uly Zhibek Zholy zhane ortagasyrlyk Kazakhstan [The Great Silk Road and Medieval Kazakhstan]. Alma-Ata: «Qazaqstan», 1992. 208 p. [in Kazakh]

Baipakov i dr., 2005a – Baipakov K.M., Akyzbek S.Sh., Voyakin D.A. Arkheologicheskiye issledovaniya poseleniya Kayalyk v 2005 godu [Archaeological research at the Kayalyk site in 2005]. *Otchet ob arkheologicheskikh issledovaniyakh po Gosudarstvennoi programme «Kulturnoe nasledie» v 2005 godu.* Almaty, 2005. Pp. 187–188.p.[in Russian]

Baipakov i dr., 2005b – Baipakov K.M., Voyakin D.A., Zheleznyakov B.A. Raskopki v gorode Kiyalek [Excavations at the Kiyalyk settlement]. *Otchet ob arkheologicheskikh issledovaniyakh po Gosudarstvennoi programme «Kulturnoe nasledie – 2004».* Almaty, 2005. Pp. 103–107.[ in Russian]

Baipakov i dr., 2005c – Baipakov K.M., Smagulov E.A., Erzhitova A.A., Tuyakbaeva A.A., Toleev D., Beisebaev A., Zheleznyakov B. Issledovaniya srednevekovogo poseleniya Sauran [Research of the ancient settlement of medieval Sauran]. *Otchet ob arkheologicheskikh issledovaniyakh po Gosudarstvennoi programme «Kulturnoe nasledie» v 2005 godu.* Almaty, 2005. Pp. 301–304. [in Russian]

Baipakov, 2006 – Baipakov K.M. Srednevekovyye goroda Kazakhstana (Knizhnyy al'bom) [Medieval cities of Kazakhstan (Book album)]. Almaty: Oner, 2006. 200 p.[in Russian]

Baipakov, 2007 – Baipakov K. Velikiy Shelkovyy put' (na territorii Kazakhstana) [The Great Silk Road (on the territory of Kazakhstan)]. Almaty: "Adamdar", 2007. 294 p.[in Russian]

Beknazarov, 2005 – Beknazarov R.A. Qazaqtyn dasturli tas qashau oneri [Traditional Kazakh art of stone carving]. Almaty: "Typography OP", 2005.160 p. [in Kazakh]

Bernstam, 1941 – Bernstam A.N. Pamyatniki stariny Talasskoi doliny (Istoriko-arkheologicheskii ocherk) [Ancient Monuments of the Talas Valley (A Historical and Archaeological Essay)]. Alma-Ata: "Kazakhskoe obedinenie gosudarstvennoe izdatelstvo", 1941. 81 p. [in Russian]

Bloxin, 2001 – Bloxin G. Gradostroitel'nye traditsii Zolotoy Ordy (na materialakh Nizhnego Povolzh'ya). Avtoreferat dissertatsii na soiskanie uchenoy stepeni kandidata istoricheskikh nauk. [Urban Planning Traditions of the Golden Horde (Based on Materials from the Lower Volga Region). Abstract of a Dissertation Submitted for the Degree of Candidate of Historical Sciences]. Volgograd, 2001. 22 p. [in Russian]

Bulatov, 1993 – Bulatov M. Musul'manskiy renessans i arkhitektura [Muslim Renaissance and architecture]. MASKAN (Arkhitektura i stroitel'stvo Uzbekistana, Kazakhstan, Azerbaydzhana, Kirgizstana, Tadzhikistana, Turkmenistana. 1993. №7,8. iyul'-avgust. Pp.19–25. [in Russian]

Valeyeva, Valeyeva-Suleymenova, 2002 – *Valeyeva F.Kh., Valeyeva-Suleymenova G.F.* Drevneye iskusstvo Tatarstana [Ancient Art of Tatarstan]. Kazan: «Tatarskoye knizhnoye izdatel'stvo», 2002. 105 p. [in Russian]

Glaudinova, 2002 – *Glaudinova B.* Regional'nyye osobennosti arkhitektury mechetey Sredney Azii XIX – nachala XX vv. (na primere mechetey Kazakhstana i Vostochnogo Turkestana) [Regional Features of Mosque Architecture in Central Asia in the 19th – Early 20th Centuries (Based on Mosques in Kazakhstan and East Turkestan)]. Avtoreferat dissertatsii na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata arkhitektury. Almaty, 2002. 22 p. [in Russian]

Derbisali, 2009 – *Derbisali Absattar qazhi.* Qazaqstannyn mechitteri men medreseleri. Rukhani sham shyraqtar (IX – XX gg.). [Mosques and madrasahs of Kazakhstan. Spiritual Beacons (9th–20th Centuries)]. Almaty: Aruna, 2009. 496 p. [in Kazakh]

Yegorov, Fedorov-Davydov, 1976 – *Yegorov V.L., Fedorov-Davydov G.A.* Issledovaniye mecheti na Vodyanskom gorodishche [Exploration of the mosque at the Vodyanskoye settlement]. Srednevekovyye pamyatniki Povolzh'ya. M.: Akademiya nauk SSSR, Nauka. 1976. Pp. 108–167. [in Russian]

Zholdasbayev, 1980 – *Zholdasbayev S. Zh.* Mechet' XIV- XV vv. V okrestnostyakh Otrara (pos. Bayyldyr) [Mosque of the 14th-15th centuries. In the vicinity of Otrar (Bayilydyr settlement)]. *Arkheologicheskkiye issledovaniye drevnego i srednevekovogo Kazakhstana.* Alma-Ata: «Nauka», 1980. Pp. 172–182. [in Russian]

Zholdasbaev zhane basqalar, 2006 – *Joldasbayuly S., Nurkhanov B., Absadyq Zh., Otegen Zh.* Swnaq Ata meshiti (XIV-XIX gg.) [Sunak Ata Mosque (XIV-XIX centuries)]. «*Qazaq tarikhyy*». 2006. №5. Pp. 31–34. [in Kazakh]

Ivanov, 1923 – *Ivanov P.P.* Sajram: Istoriko-arheologicheskij ocherk [Sairam: Historical and archaeological essay]. *Sbornik Turkestanskogo Vostochnogo instituta v chest professora A.E. Shmidta.* Tashkent, 1923. Pp. 46-56. [in Russian]

Qazaq tilinin tusindirme sozdigi, 8-t., 1985 – *Qazaq tilinin tusindirme sozdigi* [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. 8-t., P-T (Planetarii-Tandyru): Alma-Ata: «Gylym», 1985. 591 p. [in Kazakh]

Qazaq tilinin tusindirme sozdigi, 9-t., 1986 – *Qazaq tilinin tusindirme sozdigi* [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. 9-t., T-U (Tanerten-urei): Alma-Ata: «Gylym», 1986. 560 p. [in Kazakh]

Tarikh zane madeni eskertkishter, 2002 – *Tarikh zhane madeni eskertkishter zhiyntygy. Jambyl oblysy.* [Collection of historical and cultural monuments. Zhambyl region] / Bas redaktori: K.M. Baypakov. Almaty: «RMK MME GZZhI», 2002. 2-tom. 364 p. [in Kazakh]

Mamraimov, 2009 – *Mamraimov A.* Uly Zhibek jolyndagy kieli zherler [Holy places on the Great Silk Road]. Almaty: «Almatikitap», 2009. 288 p. [in Kazakh]

Margulan, 1950 – *Margulan A.Kh.* Iz istorii gorodov i stroitel'nogo iskusstva Kazakhstana [From the history of cities and construction art of Kazakhstan]. Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1950. 123 p. [in Russian]

Margulan i dr., 1950 – *Margulan A., Basenov T., Mendikulov M.* Arkhitektura Kazakhstana [Architecture of Kazakhstan] Alma-Ata: Kaz. gos izd-vo, 1959. 170 p. [in Russian]

Masson, 1928 – *Masson M.* Stary Sairam [Old Sairam]. *Izvestiya Sredazkomstarisa.* Vyp. 3. Tashkent, 1928. Pp. 23-42 p. [in Russian]

Medoyev, 1969 – *Medoyev A.G.* Podzemnaya arkhitektura kochevnikov poluostrova Mangishlak [Underground architecture of the nomads of the Mangyshlak Peninsula]. *Prostor.* 1969. №6. Pp. 51–57. [in Russian]

Mirbabayev, 1983 – *Mirbabayev A.K.* Medrese – sotsial'no-kul'turnyy i arkhitekturynyy element goroda [Madrasah – a socio-cultural and architectural element of the city]. *Srednevekovaya gorodskaya kul'tura Kazakhstana i Sredney Azii.* Alma-Ata: «Nauka», 1983. Pp 156-161. [in Russian]

Ondasynov, 1989 – *Ondasynov N.D.* Arapsha-kazak, sha tusindirme sozdik [Arabic-Kazakh explanatory dictionary]. T.2. Almaty: «Mektep», 1989. 263 p.

Pilyavskiy, 1974 – *Pilyavsky V.I.* Konya – Urgench [Ancient Urgench]. Leningrad: Stroyizdat. Leningrad department. 1974. 289 p. [in Russian]

Pishchullina, 1969 – *Pishchulina K.A.* Prisyrdar'inskiye goroda i ikh znaniye v istorii kazakhskikh khanstv v XV–XVIII vekakh [Syr Darya cities and their knowledge in the history of the Kazakh khanates in the 15th-18th centuries]. *Kazakhstan v XV–XVIII vekakh (Voprosy sotsial'no-politicheskoy istorii).* Alma-Ata: «Nauka», 1969. Pp 4-49. [in Russian]

- Pribytkova, 1973 – *Pribytkova A.M.* Stroitel'naya kul'tura Sredney Azii v IX-XII vv. [Construction culture of Central Asia in the 9th-12th centuries]. M.: «Izdatel'stvo literatury po stroitel'stvu», 1973. 238 p.
- Pugachenkova, 1948 – *Pugachenkova G.A.* O kamennykh kolonnakh iz Talasskoy doliny // TIIYAL KirFAN. Frunze, 1948. Vyp.2. Pp. 151–154. [in Russian]
- Pugachenkova, 1963 – *Pugachenkova G.A.* Arab-ata (iz istorii arkhitektury Mavrannakhra IX-X vv.) [Arab-ata (from the history of architecture of Mavrannahr in the 9th-10th centuries)]. Tashkent, 1963. 145 p. [in Russian]
- Pugachenkova, 1976 – *Pugachenkova G.A.* Zodchestvo Tsentral'noy Azii XV veka. Vedushchiye tendentsii i cherty [Architecture of Central Asia in the 15th Century. Leading Trends and Features.] Tashkent, 1976. 116 p. [in Russian]
- Smagulov, 1979 – *Smagulov Ye.* Polevoy otchet o rabotakh Turkistanskogo arkhelogicheskogo otryada YUKKAE v iyule, sentyabre, oktyabre 1979 g. [Field report on the work of the Turkistan archaeological detachment of the South Caucasus Archaeological Archaeology and Ethnography Institute in July, September, October 1979]. *Arkhiv Instituta arkhologii MON RK*. Inv. № 383. 120 p. [in Russian]
- Smagulov i dr., 1999 – *Smagulov Ye., Grigor'yev F., Itenov A.* Ocherki po Istorii i Arkheologii srednevekovogo Turkistana [Essays on the History and Archaeology of Medieval Turkistan]. Almaty: «Gylym», 1999. 232 p. [in Russian]
- Sufizm, 1989 – *Sufizm v kontekste musul'manskoy kul'tury* [Sufism in the Context of Muslim Culture] / Otв. red. N.I. Prigarina. M.: Nauka, 1989. 341 p. [in Russian]
- Syzdykov I dr., 2022 – *Syzdykov B.S., Zhetibaev K.M., Muzaffer G., Murgabaev S.S.* XVIII-XIX gasyrlardagy turgyn uy qurylymy (ortagasyrlyq Syganaq qalasy negizinde) [Housing structure in the XVIII-XIX centuries (based on the medieval city of Syganak)]. *Otan tarikhy*. 2022. № 2 (98). Pp. 217–228. [in Kazakh]
- Taleev, 2006 – *Taleev D.* Qazaqstandagy algashqy ayt meshiti qazyldy [The first Eid mosque in Kazakhstan was excavated]. *Egemen Qazaqstan*. 2006, 30-jeltoqsan. 6-p. [in Kazakh]
- Toraval', 2001 – *Toraval'. Iv.* Musul'manskaya sivilizatsiya (Entsiklopedicheskiy slovar') [Muslim civilization (Encyclopedic dictionary)]. M., «Lori», 2001. 296 p. [in Russian]
- Turkistan, 2000 – *Turkistan*. Xalyq aralyq ensiklopediyasy [Turkestan. International Encyclopedia] // Bas redaktori A. Nysanbaev. Almaty: «Qazaqstan ensiklopediyasy», 2000. 656 p. [in Kazakh]
- Tuyakbayeva, Proskurin, 1986 – *Tuyakbayeva B., Proskurin A.* Dekorativnoye ubranstvo khanaki Akhmeda Yasavi [Decorative decoration of the khanaka of Akhmed Yasawi]. *Pamyatniki istorii i kul'tury Kazakhstana*. Vyp.2. Alma-Ata: «Kazakhstan», 1986. Pp. 36–46. [in Russian]
- Tuyakbayeva, Proskurin, 1989 – *Tuyakbayeva B., Proskurin A.* Mirovoztrencheskiye osnovy funktsional'no-planirovochnoy struktury khanaki Akhmeda Yasavi [Ideological foundations of the functional-planning structure of the khanaka of Akhmed Yasawi]. *Pamyatniki istorii i kul'tury Kazakhstana (Sb. TSSK obshchestva okhrany pamyatnikov istorii i kul'tury)*. Vyp. 4. Alma-Ata: «Kazakhstan», 1989. Pp 106–116. [in Russian]
- Tuyakbayeva, 1989 – *Tuyakbayeva B.T.* Epigraficheskoye oformleniye arkhitekturnogo kompleksa Akhmeda Yasavi [Epigraphic decoration of the architectural complex of Ahmed Yasavi]. Alma-Ata: «Iskusstvo», 1989. 156 p. [in Russian]
- Fedorov-Davydov, 1983 – *Fedorov-Davydov G.A.* Istoricheskiye osobenosti gorodov v mongol'skikh gosudarstvakh Azii v XIII–XIV vv. [Historical features of cities in the Mongol states of Asia in the 13th-14th centuries] // *Srednevekovaya gorodskaya kul'tura Kazakhstana i Sredney Azii*. Alma-Ata: «Nauka», 1983. Ppю 215-20. [in Russian]
- Yakubovskii, 2000 – *Yakubovskii L.* Amir Temir [Amir Temir] («Voprosy istorii» jurnalynyn 1946 zh, № 9-shy sanynan uzindi. Audargan T. Asemqulov). *Juldyz*. 2000. №10. Pp 17–22. [in Kazakh]
- Basenov, 1981 – *Basenov T.* Mausoleum complex of Ahmed Yassawi. Alma-Ata: «Oner», 1981. 71 p. [in English]

**МАЗМУНЫ/СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT**  
**ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 2**

<b>Мамытова С.Н.</b> ФОРМИРОВАНИЕ СОЦИОКУЛЬТУРНОГО ОБЛИКА ПАВЛОДАРСКОГО ПРИИРТЫШЬЯ В 1930–1940-Е ГОДЫ.....	429
<b>Ахметжан К.С.</b> ТИПОЛОГИЯ ТРАДИЦИОННЫХ НАВЕРШИЙ КАЗАХСКИХ РЕЛИГИОЗНЫХ И ВОЕННЫХ ЗНАМЕН.....	447
<b>Бабаджанов Б.М., Нурманова А.Ш.</b> «ЖЕЛЕЗНАЯ ПАМЯТЬ» ЗА «ЖЕЛЕЗНЫМ ЗАНАВЕСОМ»: КАЗАХСКИЕ НАДГРОБИЯ СОВЕТСКОГО ВРЕМЕНИ КАК МАРКЕРЫ СОЦИАЛЬНОЙ ПАМЯТИ.....	473
<b>Yergali S.A., Kolukisa H., Shaldarbekova A.B.</b> THE INSTITUTION OF «ZHETI ATA» IN KAZAKH SOCIETY AS A MECHANISM OF SOCIAL REGULATION AND KINSHIP ORGANIZATION.....	488
<b>Toraigyrov Ye.M.</b> TOPICAL ISSUES OF THE IRTYSH TEN-VERST STRIP IN THE WORKS OF MODERN TIMES.....	502
<b>Абуов Н.А., Картова З.К., Алимжанов А.Х.</b> УСЛОВИЯ ПРЕБЫВАНИЯ СОВЕТСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ В ФАШИСТСКОМ ПЛЕНУ НА ТЕРРИТОРИИ БЕЛАРУСИ.....	516
<b>Әуелбеков М.Б., Бахар Х.</b> XII–XV ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ УРБАНИЗАЦИЯ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ.....	533
<b>Черниенко Д.А.</b> ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ Х.А. АРГЫНБАЕВА В ПИСЬМАХ ЕГО КОЛЛЕГ-ЭТНОГРАФОВ.....	548
<b>Iskakova G.Z., Assylbekova A.Z.</b> SHAKARIM KUDAIBERDIULY AND KAZAKH NATIONAL MEMORY .....	564
<b>Құндызбай Д.Қ., Кенжебаев Ғ.Қ.</b> ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖЕТІСУ ӨңІРІНЕН ҚЫТАЙҒА БОСҚЫНШЫЛЫҒЫ (XX ғ. 30 жж.).....	576
<b>Конкабаева Н.Н., Абдрахманова К.Х.</b> О ТРАКТОВКЕ ЛЕКСЕМ «ТЕНГРИ», «УМАЙ» В КОНТЕКСТЕ ВЕРОВАНИЙ МАМЛЮКОВ-КЫПЧАКОВ В XI–XIV ВЕКАХ.....	590

<b>Сулейменова А.Т.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ 1920–1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ «ПАРТИЯЛЫҚ ТАЗАЛАУЛАР» КЕЗІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ.....	602
<b>Молотова Г.М.</b> ТРАНСФОРМАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ТРАДИЦИОННОЙ КУЛЬТУРЕ ТЮРКОВ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ (НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ XII–XIII ВЕКОВ).....	619
<b>Мейрманова Г.А., Бейсегулова А.Қ., Алдекен А.С.</b> ҚАЛЫҢМАЛ – ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ИНСТИТУТ: ТАРИХЫ МЕН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ.....	629
<b>Алимбай Н.</b> ОДЕЖДА КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ (XVIII – ПЕРВОЕ ДЕСЯТИЛЕТИЕ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ).....	642
<b>Бахтыбаев М.М., Қожас М.Б., Сиздиков Б.С.</b> ГОРОДИЩЕ СЫГАНАК: ДАТИРОВКА ПАМЯТНИКА ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАДИОУГЛЕРОДНОГО АНАЛИЗА.....	695
<b>Шынтаев Н.А., Мусабалина Г.Т., Джолдыбаев Ж.Т.</b> ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: ПОСТКЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР (1991–2023 ЖЖ).....	713
<b>Шашаева М.А.</b> ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАЛАНҒАНДАР: «ОТАН САТҚЫНДАРЫНЫҢ ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» ЗАҢЫНЫҢ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫНА ТИГІЗГЕН АУЫР ӘСЕРІ.....	724
<b>Шолахов М.Г., Габдусалимова М.Г.</b> АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ОБ ЕДИГЕ.....	735
<b>Есен С.Ғ.</b> МӘЛЕНБЕРЛІ ҚОРЫМЫ: ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ.....	755
<b>Жетібаев К.М., Қожас М.Б., Әлімбекұлы Ә.</b> ҚҰЙРЫҚТӨБЕ (КЕДЕР) ҚАЛАСЫНЫҢ РАБАД АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР.....	764
<b>Муратбаева А.Б.</b> ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ: ТАРИХИ-МӘДЕНИ АСПЕКТ.....	777

<b>Оспанова Д.К., Тебаев Д.Б., Мағауянов Д.А.</b> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ 1991–2011 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ.....	787
<b>Қуанбай О.Б. Мурзаходжаев Қ.М.</b> ЖАПОНИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ҮРДІСТЕРІ БАҚ БЕТТЕРІ НЕГІЗІНДЕ (1990–2025).....	805
<b>Алибек С.Н., Кудайбергенова А.И., Тажмуханова Н.Е.</b> РЕПРЕССИВНАЯ ПОЛИТИКА СТАЛИНА В ПЕРИОД КОЛЛЕКТИВИЗАЦИИ И РАСКУЛАЧИВАНИЯ КАК ТРАГИЧЕСКИЙ ЭКСПЕРИМЕНТ (ПО МАТЕРИАЛАМ ГОРОДА ЧИМКЕНТА И ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ).....	817
<b>Жүсінов Р.Б., Нұрышева Г.К.</b> 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРІНДЕГІ ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕРГЕ ҚАТЫСТЫ КЕҢЕС ӨКІМЕТІНІҢ САЯСАТЫ (АРХИВ ДЕРЕКТЕРІ НЕГІЗІНДЕ).....	833
<b>Қозыбаева М.М., Жалмағамбетов Е.Ә.</b> КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДАН АЙЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ: «АЙЫРЫЛҒАНДАР» МЕН «ҚҰҚЫҚСЫЗДАР» КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	851
<b>Хазретәліқызы Р., Тұрсұн Х.М., Сайлаубай Е.Е.</b> МІРӘЛШЕР СЕРАЛИЕВТИҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ МЕН МҰСТАФА ШОҚАЙМЕН БАЙЛАНЫСЫ АРХИВТІК-ТЕРГЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ.....	866
<b>Калыбекова М.Ч., Чакенова Б.А.</b> КАЗАХИ-ВРАЧИ И ИХ ОБЩЕСТВЕННАЯ И ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КОНЦЕ XIX И 30-Е ГОДЫ XX ВВ. ....	878
<b>Рахбаев К.К., Избасарова Г.Б.</b> ҚАЗАҚТЫҢ МЕШІТ САЛУ ДӘСТҮРІНІҢ ШЫҢЫРАУ КӨЗДЕРІ (ОРТАҒАСЫРЛЫҚ МЕШІТТЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ ШОЛУ).....	890
<b>Нурпейсова Э.Т., Байдалы Р.Ж.</b> ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНЕ ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	915
<b>Alpysbes M.A., Arkhymatayeva A.Zh., Kara A.</b> THE INFLUENCE OF THE NATIONAL IDEA ‘OYAN, QAZAQ!’ ON THE SOCIO-POLITICAL THOUGHT OF EASTERN COUNTRIES.....	926
<b>Kochiyev E.R., Kabuldinov Z.E., Aydingün A.</b> THEORIES OF DIASPORAL ETHNIC IDENTITY IN CONTEMPORARY WESTERN HISTORIOGRAPHY (2000–2025).....	939



Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты  
Алматы қ., Шевченко көш., 28  
Тел/факс: +7 727 261 67 19  
e-mail: kazhistory@bk.ru

---